

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



ZHANGER KHAN
UNIVERSITY

**ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**В.А. Ульянов
И.С. Бейшова**

**МАРКЕРЛІК СЕЛЕКЦИЯ: БАКТЕРИАЛДЫҚ ЭТИОЛОГИЯ
АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ СҮТТІ
СИЫРЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН ЖАҚСARTU
СТРАТЕГИЯСЫ**

МОНОГРАФИЯ

Орал
2024

ӘОЖ 614.91; 637.07

КБЖ 45.31

У51

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен
басылымға ұсынылған,
(28.06.2024 ж. №12 хаттама)**

Сын-пікір берушілер:

Кушалиев К.Ж., профессор, ветеринария ғылымдарының докторы
Джуланов М.Н., профессор, ветеринария ғылымдарының докторы

Ульянов В.А., Бейшова И.С.

**У51 Маркерлік селекция: бактериалдық этиология ауруларының алдын алу
және сүтті сиырлардың өнімділігін жақсарту стратегиясы: монография /**
В.А. Ульянов, И.С. Бейшова – Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2024. – 192б.

ISBN 978-601-319-518-6

Монографияда қара ала және голштин тұқымды ірі қара малдың генетикалық талдауының нәтижелері, соматотроптық каскадтың полиморфты гендерінің генотиптерінің, лактоферриннің және маннозаны байланыстыратын лектиннің бактериалдық этиологиялы маститке төзімділігімен, сүт қауіпсіздігі мен сапалық көрсеткіштерімен байланысы келтірілген. Лактоферрин, маннозаны байланыстыратын лектин, өсу гормоны және инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гендеріне сипаттама берілген. Зерттелген голштин және қара ала тұқымды ірі қара мал популяцияларының генетикалық құрылымы анықталған. Анықталған генотиптердің бактериалдық этиология маститі, соматикалық сүт жасушаларының саны, патогендік микроорганизмдерді анықтау жиілігі, сауу деңгейі мен сүт сапасының ассоциацияларына талдау нәтижелері көрсетілген. Соматикалық жасуша деңгейіне, маститке төзімділікке және сауу деңгейіне әсер ететін молекулалық-генетикалық маркерлер анықталды. Монография биологиялық және ауылшаруашылығы бағытындағы университеттердің ғалымдарына, оқытушыларына, студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, сондай-ақ молекулалық биология мен жануарлар генетикасына қызығушылық танытатын зерттеушілерге арналған.

ӘОЖ 614.91; 637.07

КБЖ 45.31

ISBN 978-601-319-518-6

© Ульянов В.А., Бейшова И.С. 2024

© «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	5
АНЫҚТАМАЛАР	6
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	9
КІРІСПЕ	10
I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	13
1.1 Маститтің этиологиясы	13
1.2 Маститтің салдарынан сүттің өзгерістері.....	16
1.3 Сиырлардың маститке төзімділігіне әсер ететін факторлар	20
1.3.1 Маннозаны байланыстыратын лектин генінің (<i>MBL1</i>) полиморфизмі	22
1.3.2 Лактоферрин генінің (<i>LTF</i>) полиморфизмі	25
1.3.3 Соматотроптық гормоналды кешен гендерінің (<i>GH</i> және <i>IGF-1</i>) полиморфизмі	28
II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ	32
2.1 Алынған нәтижелерді талдау және өңдеу әдістері	32
2.2 Голштин және қара ала тұқымды сиырлар сүтінің сапасының ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері және сүт өнімділігінің деңгейі.....	44
2.3 Сиыр сүті үлгілеріндегі патогендік микрофлораның түр құрамы және арақатынасы	49
2.4 Соматотроптық каскад, лактоферрин және маннозаны байланыстыратын лектин гендерінің локустары бойынша сиырларды молекулалық-генетикалық тестілеу, олардың генетикалық құрылымын зерттеу	56
2.4.1 Маннозаны байланыстыратын лектин гені (<i>MBL1</i>) бойынша генотиптеу	56
2.4.2 Лактоферрин гені (<i>LTF</i>) бойынша генотиптеу	58
2.4.3 Өсу гормонының гені (<i>GH</i>) бойынша генотиптеу	60
2.4.4 Инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гені (<i>IGF-1</i>) бойынша генотиптеу	63
2.5 Зерттелетін полиморфизмдердің генотиптері мен сүт сапасының ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері, сондай-ақ сиырлардың маститке төзімділігі арасындағы ассоциациясын анықтау	67
2.5.1 <i>MBL1</i> , <i>LTF</i> , <i>GH</i> және <i>IGF-1</i> гендерінің полиморфизмі бар маститке төзімділігінің ассоциациясы	67
2.5.1.1 Ауру және сау жануарлардың топтарында <i>MBL1</i> , <i>LTF</i> , <i>GH</i> , <i>IGF-1</i> гендері бойынша аллельдердің анықталған генотиптері мен жиіліктерін бөлу сипаты	67
2.5.1.2 Генотиптері әртүрлі жануарлардың топтарындағы соматикалық жасушалардың деңгейін бағалау	74

2.5.1.3 Патогендерді бөлу сипатына полиморфизмдердің әсерін бағалау	86
2.5.2 <i>MBL1</i> , <i>LTF</i> , <i>GH</i> және <i>IGF-1</i> гендері полиморфизмдерінің сауым деңгейімен, сүттегі май мен ақуыз мөлшерінің ассоциациясы.....	96
2.6 Төзімділік гендерін ерте анықтау негізінде сүтті бағыттағы ірі қара малдың маститінің алдын алу бойынша, сүтінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсынымдар	103
ҚОРЫТЫНДЫ	105
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	107
ҚОСЫМША А - Жүргізілген талдаулардың нәтижелері: тағайындалған генотиптер және сүт сапасының көрсеткіштері	133
ҚОСЫМША Б - Бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері	167
ҚОСЫМША В Генотипіне байланысты тұқым сиырларының өнімділік деңгейін интервалдық бағалау	188

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы монографияда мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:
Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы, 2011 жылғы 18 ақпанда қабылданды, № 407-IV ҚРЗ.

МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

МЕМСТ 2.105-95. Конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 7.9-95 (ИСО 214-76). Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 8.417-81. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі. Физикалық шама бірліктері.

Ғылыми дәреже беру жөніндегі 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 ережелер.

МЕМСТ 13928-84. Сүт және дайындалатын кілегей. Қабылдау ережелері, үлгі алу әдістері және оларды талдауға дайындау.

МЕМСТ 23455–79. «Мастоприм» препараты. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 23453-2014. Шикі сүт. Соматикалық жасушаларды анықтау әдістері.

МЕМСТ 31746-2012. Коагулаза оң стафилококктар мен *Staphylococcus aureus* мөлшерін анықтау әдістері.

МЕМСТ 30726-2001. Тамақ өнімдері. *Escherichia coli* түрі бактерияларының мөлшерін анықтау әдістері.

МЕМСТ 31449-2013. Шикі сиыр сүті. Техникалық шарттар.

КО ТР 033/2013. Сүт және сүт өнімінің қауіпсіздігі туралы.

МЕМСТ 32255-2013. Сүт және сүт өнімі. Инфрақызыл талдағышын қолдану арқылы сәйкестендірудің физикалық-химиялық көрсеткіштерді анықтаудың аспаптық экспресс-әдісі.

МЕМСТ Р 52054-2003. Шикі сиыр сүті. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 23453-2014. Шикі сүт. Соматикалық жасушаларды анықтау әдістері.

Еуропалық Парламенттің және Кеңестің (ЕК) жануар тектес азық-түлік өнімдердің гигиенасына қатысты ерекше ережелерді белгілейтін 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 853/2004 өкімі.

АНЫҚТАМАЛАР

Монографиялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Агароза – бұл теңіз балдырлардан алынатын, құрылымы күрделі және мөлдірлігі жоғары табиғи полисахарид. Агароза гендік инженерия, молекулалық биология, генетика, медицина, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларда қолданылады. ДНҚ, РНҚ фрагменттерін және ақуыздарды электрофорездік бөлу үшін пайдаланылады.

Аллельдер – гомологиялық хромосомалардың бірдей учаскелерінде орналасқан бір геннің әртүрлі пішіндері, нақты белгінің даму бағытын белгілейді.

Амплификат (Ампликон) – амплификация реакциясының барысында алынатын ПТР-өнім.

Амплификация – ДНҚ-ң белгілі учаскелерінің қосымша көшірмелерін түзу (көбейту) үдерісі.

Гаплотип – әдетте бірге тұқым қуалайтын бір хромосоманың локустарындағы аллельдердің жиынтығы.

Генетикалық маркер – әртүрлі дарақтардың, тұқымдардың, сұрыптардың, желілердің генотиптерін салыстырған кезде белгілі ген үшін немесе хромосоманың кез-келген басқа учаскесі үшін ДНҚ-ң нуклеотидтік бірізділігінің деңгейінде молекулалық биология әдістерімен анықталатын полиморфтық белгі.

Генетикалық полиморфизм – генетикалық табиғаттың белгілері немесе маркерлері бойынша популяциялардың әртүрлілігі.

Генетикалық тепе-теңдік – қандай да бір генотипті іріктеуге бағытталған әрекет болмаған кезде осы геннің аллельдерінің салыстырмалы жиіліктерінің бірізді ұрпақтарының қатарында ұстау.

Гетерозиготалық генотип – гендерінің көшірмелері гомологиялық хромосомаларда әртүрлі аллельдермен ұсынылған генотип.

Гомозиготалық генотип – гомологиялық хромосомаларда геннің бірегей аллельдерін алып жүретін генотип.

ДНҚ-полимераза – аналық ДНҚ тізбектерінің бірінің негізінде комплементарлық қағидасы бойынша ДНҚ-ң жаңа тізбегінің синтезін катализациялайтын фермент.

Медиана үшін сенімді интервал – статистикалық параметрлерді интервалдық бағалаған кезде статистикада пайдаланылатын термин. Сенімді ықтималдылыққа сәйкес келетін және экспериментте өлшенетін мәндер осындай интервалға түседі.

Интерквартильдік ауқым – өсу бойынша ретке келтірілген деректердің орташа 50% сипаттайды.

Интрон – көшірмелері бастапқы транскрипттен жойылатын және жетілген РНҚ-да болмайтын ДНҚ учаскелері, құрылымдық геннің басқа фрагменттері – экзондар арасында орналасқан.

Конформация – кеңістіктің орналасуы, пішін.

Корреляция – екі немесе одан артық кездейсоқ шамалардың статистикалық өзара байланысы.

Локус – хромосоманың генетикалық немесе цитогенетикалық картасында белгілі геннің орналасқан орны.

Маркер – қауымдастырылған селекция (marker-assisted selection, MAS) – ағзаларды іріктеуді және реакциясын жақсарту үшін ДНҚ-маркерін пайдалану.

Мастит – әдетте үрпілердің жарылуы кесірінен инфекция нәтижесінде сүт безінің қабынып ауыруы; бұзаулағаннан кейінгі кезеңде жиірік туындайды.

Мета-талдау – ғылыми әдіснаманың түсінігі. Бір немесе бірнеше өзара байланысқан ғылыми гипотезаларды тексеру үшін статистика әдістерімен (яғни бағалаудың мөлшерлік әдістерімен) бірнеше зерттеу нәтижелерін біріктіруді білдіреді.

Праймер – комплиментарлық ДНҚ- немесе РНҚ-нысанасының нуклеин қышқылының қысқа фрагменті (олигонуклеотид); ДНҚ-полимеразаның көмегімен комплементарлық тізбектің синтезі үшін (ДНҚ репликациясы кезінде) толтырма ретінде қолданылады.

Промотор – ерекше транскрипцияны бастау үшін бастапқы алаң ретінде РНҚ-полимеразамен танылатын ДНҚ нуклеотидтерінің бірізділігі.

Рестрикция – арнайы ферментпен (рестриктазамен) жүзеге асырылатын ДНҚ тізбегінің кескіні.

Референстік бірізділік – цифрлық түрде сақталатын қандай да бір геннің генетикалық кодының жалпы репрезентативтік мысалы.

Секвенирлеу – олардың амин қышқылды бірізділігін немесе биополимерлердің нуклеотидтік бірізділігін анықтау.

Соматикалық жасушалар – әртүрлі ұлпалар мен мүшелердің жасушалары. Сүтте бұл сүт түзетін ұлпадан шеттетілген жасушалар (бездердің жасушалары) және желін өзектерінің жүйелері (эпителий жасушалары).

Спектрофотометр – оптикалық сәулелендірудің екі ағынының арақатынасын өлшеуге арналған аспап, олардың бірі – зерттелетін үлгіге берілетін ағын, екіншісі – үлгімен қандай да бір өзара әрекеттесетін ағын.

Термоциклер (амплификатор) – полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісін пайдалана отырып, ДНҚ фрагменттерін амплификациялауға (көшірмелерінің санын арттыруға) арналған арнайы жабдық. Бұл аспаптар белгіленген уақыт және температуралық көрсеткіштер бойынша сынауықтарды циклдік қыздыруды/салқындатуды қамтамасыз етеді.

Экзондар – көшірмелері жетілген РНҚ құрайтын ДНҚ учаскелері.

Гендердің экспрессиясы – гендегі тұқым қуалайтын ақпарат (ДНҚ нуклеотидтерінің бірізділіктері) атқарымды өнімге – РНҚ-ға немесе ақуызға түрленетін үдеріс.

ДНҚ экстракциясы – арнайы жиынтықтардың көмегімен әртүрлі биологиялық тіндерден ДНҚ-ны бөліп шығару.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДНҚ	– дезоксирибонуклеин қышқылы
СИ	– сенімді интервал – үлкен көлемді таңдаған кезде белгіленген сенімді ықтималмен осы интервалда болатын статистикалық шаманың шекті мәндері
СТА	– сарыуызды-тұзды агар
ИФТ	– иммунферменттік талдау
ІҚМ	– ірі қара мал
ҚӨУ	– Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университет
СЖС	– соматикалық жасушалар саны
Ме	– медиана – бұл медианадан төмен белгінің мәндері бар және медианадан артық белгінің мәндері бар екі бірдей бөлікке бөлудің сараланған қатарын бөлетін белгінің мәні
ПТР	– полимеразды тізбекті реакция
РФҰП	– рестрикциялық фрагменттер ұзындықтарының полиморфизмі
ж.н.	– жұп нуклеотид
ҚМСҚ	– құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы
A, C, G, T	– ДНҚ құрамына кіретін азоттық негіздемелер
CHROMagar Mastitis	– маститтің негізгі қоздырғыштарын бөлуге және дифференциациялауға арналған хромогендік орта (<i>S.agalactiae</i> , <i>S.aureus</i> және т.б.)
CHROMagar Step B-S1	– <i>Streptococcus B (S.agalactiae)</i> анықтауға және дифференциациялауға арналған орта
CoNS	– коагулазонегативті стафилококктар
DNAse Test Agar	– дезоксирибонуклеазаның (ДНҚаза) белсенділігіне байланысты микроағзаларды дифференциациялау үшін пайдаланылатын агар
GH	– өсу гормонының гені
IGF-1	– инсулинге ұқсас фактор-1 гені
LTF	– лактоферрин гені
MBL1	– маннозаны байланыстыратын лектин гені
NCBI	– Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығының халықаралық базасы
pH	– сутегі көрсеткіші, су ерітінділерінің қышқылдық шамасы

КІРІСПЕ

Сүтті бағыттағы мал шаруашылығын қарқындату ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаның [1] басым тапсырмаларының бірі болып табылады. Қарқындату үдерісіне сүтті бағыттағы өндірісті ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар кіреді. Осы іс-шаралардың арасында желіннің жиі кездесетін ауруларының бірі болып табылатын маститтің алдын алуға көп назар аударылады. Сиырлардың маститке шалдығуының салдарынан сүтті өндірген кезде экономикалық шығындардың негізгі үлесі туындайды [2-8]. Ғылыми жетістіктерді енгізу және пайдалану шаруашылықты сауықтыруға, рентабельділігін арттыруға және сүттілігі жоғары сиырлардың санын арттыруға мүмкіндік береді.

Мастит бұрыннан бері алаңдататын мәселелердің бірі, себебі экономикалық шығындарға әкеп соғып ғана қоймайды, сондай-ақ сауым сүттің мөлшерін азайтады, сүттің сапасы мен қауіпсіздігін нашарлатады, жануарлардың жарамсыздығын анықтау жиілігін арттырады, олардың репродуктивтілігін төмендетеді, ал соңғы кезде антибиотиктерді кеңінен қолдану салдарынан микроағзалардың антибиотик-резистентті штаммдарының шығуына әкеп соқты [9].

Ауру жануардан алынған сүттің құрамында патогенді микроағзалар бар, олардың кейбіреулері температуралық өңдеу кезінде бұзылмайтын токсиндерді өндіре алады. Мұндай сүт адам үшін қауіпті және тұтынған кезде аурулар тудырады. Сондықтан маститтің белгілері бар сүт қайнатқан соң жойылуы тиіс. Аурудың клиникалық белгісі туындаған кезде маститтің белгілерін оңай айырып тануға болады, алайда субклиникалық түр кезінде жануардың желіні мен сүтінің көзге көрінбейтін өзгерістері байқалмайды және сүттүтікке түсуі мүмкін, содан кейін қалған сүтпен араласып, бөлшек саудаға түсіп, осылайша тұтынушылар үшін қауіп тудыруы ықтимал [10, 11].

Мастит бір мезгілде әрекет етуі мүмкін көптеген факторлардың салдарынан туындауы мүмкін [12]. Маститтің этиологиясында микроағзалар негізгі рөлді атқарады, бұл патогендердің сүт безіне түсуі гигиенаға және шаруашылықтың ішінде малдарға күтім жасауға, сиырларды сауу және жануарларды азықтандыру әдісіне, климатқа және генетикалық факторларға тәуелді.

Күтім жағдайларын жақсарту, санитарлық-гигиеналық шараларды жүргізу және рационды таңдау маститпен ауыру жиілігіне әсер етуі мүмкін, алайда жануарлардың инфекцияға төзімділігін арттыру ғана базалық деңгейде ауру дарақтардың санын азайтуға және аурудың ауырлығын жеңілдетуге қабілетті [13, 14].

Жануарлардың маститке төзімділігін екі негізгі тәсілмен арттыруға болады: 1) мал шежіресін талдауға негізделген селекция; 2) генетикалық маркерлердің көмегімен селекцияны пайдалану.

Мал шежіресін талдау бойынша селекцияны жүргізген кезде сүттің соматикалық жасушаларының саны және сиырлардың маститін анықтау жағдайлары сияқты факторлар ескеріледі. Жануар сауымының шынды деңгейі неғұрлым жоғары болса, маститпен ауыру фактілері соғұрлым жиі анықталады және сәйкесінше соматикалық жасушалар саны жоғарылайды, осылайша селекцияның осы түрі сауым деңгейін жанама төмендетеді. Сондай-ақ іріктеудің осындай түрі кезінде төмен тұқым қуалау қабілеті және ата-ененің бірінші лактацияға енгізетін үлесі ғана байқалады [15-17].

Резистенттіліктің ұлғаюы бойынша ілгерілеу болмауына байланысты зерттеушілер дәстүрлі селекция әдістері арқылы молекулалық-генетикалық маркерлерге назар аударды [18]. Маститке төзімділік генетикалық факторлармен шартталғандықтан, сүт өнімділігін бақылайтын кандидат-гендердің полиморфизмдерін сәйкестендіру және жануардың иммунитетінің қорғаныс механизмдері негізгі тапсырмаға айналады [12, 665 б.].

Мұндай гендерге маннозаны байланыстыратын лектин гені жатады. Маннозаны байланыстыратын лектин опсонизация, комплементті белсендіру және бөгде агентті бейтараптандыру үдерістеріне қатыса отырып, туа біткен иммунитеттің маңызды компоненті болып табылады [19, 20]. Бактериостатикалық және бактерицидтік атқарымы бар кодтаушы көп атқарымды металл байланыстыратын лактоферрин гені [21-24]. Соматотроптық гормоналдық кешен гендері (өсу гормоны мен инсулинге ұқсас өсу факторы гендері) ағза мен метаболизмнің дамуында ерекше рөл атқарады, оған сүттің сапа құрамы тәуелденеді [25, 26].

Бұл зерттеу аталған гендер полиморфизмдерінің ассоциациясының бактериялық этиологиясы бар маститке төзімділігін, сүттің қауіпсіздігі мен сапа көрсеткіштерін зерттеуге бағытталған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Солтүстік Қазақстанның аумағында голштин және қара ала тұқымды сүтті бағыттағы ірі қара мал популяцияларында лактоферрин (*LTF*), манноза байланыстыратын лектин (*MBL1*), өсу гормоны (*GH*) және инсулинге ұқсас өсу факторы-1 (*IGF-1*) гендерінің полиморфизмдер бойынша аллельдік нұсқалар зерттелді. Зерттелген голштин және қара ала ірі қара мал популяцияларының генетикалық құрылымы анықталды. Анықталған генотиптердің бактериологиялық этиологиясы бар мастит ауруымен, сүттің соматикалық жасушаларының мөлшерімен, патогенді микроағзаларды анықтау жиілігімен, сауым деңгейімен және сүт сапасымен ассоциациясы талданды. Соматикалық жасушалардың деңгейіне, маститке төзімділікке және сауым деңгейіне әсер ететін ұнамды және ұнамсыз молекулалық-генетикалық маркерлер анықталды. Маститке деген резистенттіліктің ұлғаюы бойынша және жануарлардың сүт өнімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар берілді.

Орындалған зерттеулердің тәжірибелік маңыздылығы сүтті бағыттағы ірі қара малдың өнімділігінің бактериялық этиологиясы бар маститтің төмендеуіне, сүттің санитарлық сапасы мен қауіпсіздігінің жоғарылауына, оларды селекциялық бағдарламаларға енгізуге негізделеді. Бұл іс-шаралар сиырлардың маститінің алдын алудың қолданыстағы әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді және жануарлардың бактериялық агенттерге қарсы тұруына мүмкіндігін арттырады.

Теориялық маңыздылығы голштин және қара ала тұқымды қазақстандық популяциялардың *MBL1*-HaeIII, *LTF*-EcoRI, *GH*-AluI және *IGF-1*-SnaBI полиморфизмдері бойынша генетикалық құрылымы туралы ақпаратты алуға; олардың мастит ауруымен, сүттің соматикалық жасушалар деңгейімен, ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштерімен және жануарлардың өнімділік деңгейімен ассоциация байланысына негізделеді.

I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1.1 Маститтің этиологиясы

Мастит сүт өнеркәсібіндегі ең қымбат ауру болып есептеледі, қаржылық шығындардың жоғарылауы, сүт сапасының төмендеуі және жарамсыздығын анықтау салдарынан, диагностикаға, емдеу шараларына, дәрілік препараттарға жұмсалатын шығындардың есебінен, сондай-ақ жануарлардың жарамсызын анықтауға байланысты туындайды [6, б. 478; 7, б. 22]. Экономикалық шығындардың тұрақты көзі болып маститке қарсы профилактикалық шараларды кеңінен қолдану табылады [8, б. 8368].

Мастит – сүт безінің қабынуы. Мастит үрпі арнасы арқылы бактериялық агенттердің желінге енуі нәтижесінде туындайды, сондай-ақ зеңді немесе балдырлы патогендердің енуі, механикалық, химиялық жарақат немесе термиялық зақымдану аурудың себебі болуы мүмкін [27, 28]. Желіннің ұлпасын зақымдайтын қабыну үдерістерінің салдарынан, соның ішінде сүтті сөлдейтін лактоциттердің (сүт безінің эпителиалық жасушалары) салдарынан мастит сүт безінің қызметін уақытша немесе тұрақты бұзады. Қабыну үдерісі зақымданған ұлпаға көп мөлшерде лейкоциттердің миграциялануына әкеп соғады, соның салдарынан экссудативтік және іріңдеу үдерістеріне әкеп соғады. Микробтық агенттен құтылған кезде лейкоциттердің эмиграциясы төмендейді және уақыт өте келе мүлдем тоқтатайды, алайда дәнекер тін керісінше күшейеді. Осының барлығы дәнекер тінінің шамадан тыс ұлғаюына және бездік жасушалардың ішінара регенерациясына әкеп соғады, яғни зақымданған учаскелер немесе желін толықтай атрофияға ұшырайды [29]. Сүт безінің деградациясының салдары болып сүт өнімділігі төмен болады. Кейін сиыр сауымның маститке дейінгі деңгейіне орала алатынына қарамастан, мұндай дарак жемшөпті бұрынғы деңгейінде тұтынғанына қарамастан, айтарлықтай аз мөлшерде сүт береді. Сонымен қатар, маститпен ауырып шыққан сиырларда басқа инфекциялық ауруларға шалдығу тәуекелі артады, оларда маститтің рецидиві жиі тіркеледі.

Мастит мәселесінің өзектілігі осы мәселе бойынша көп жарияланған жұмыстармен расталады. 1975 жылдан бастап Халықаралық сүт федерациясы (IDF) ұйымдастырған және маститтің мәселелеріне арналған «Сүт өндірісіндегі мастит: заманауи білімдер мен болашақ шешімдер» (Mastitis in dairy production: Current knowledge and future solutions) халықаралық конференциясын жүйелі түрде өткізеді. Мастит бойынша алғашқы халықаралық семинар Рединг қаласында (Англия) өткізілді, бұл семинарда маститке қатысты 9 пайымдама айтылды, олар қазіргі күнге дейін өзекті болып қалуда. Осы пайымдамалардың бірінде былай айтылады: «Кез-келген микроағза сай келетін жағдайда өсе алады. Инфекциялық

қоздырғыштар сүт безіне түспеген жағдайларда басқа ағзалар (қоршаған ортаның патогендері) жануардың ағзасына сіңу қабілетіне байланысты айтарлықтай байқалады және инфекциялық үдерісті тудыра алады деп пайымдауға негіздеме бар. Осылайша, маститтен толық жазылу ықтималы төмен» [30].

Осы күрделі аурудың салдарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін бірқатар терапиялық, профилактикалық және емдеу стратегиялары бар. Осы әдістер көбінесе оң әсер берсе де, микроағзалардың дәріге төзімді штаммдарының пайда болуы және сүтте антибиотиктердің қалдықтарының табылуы айтарлықтай мазалайды. Осыған сүйене отырып, ағзаның патогендерге табиғи төзімділігінің ұлғаюына бағытталған стратегиялар айтарлықтай тиімді және келешекті болады. Инфекциялық ауруларға төзімділіктің және иммундық жауаптың күшінің генетикалық негізі бар, генетикалық вариациялардың кешені қоздырғыштың сіңуіне қатысты ағзаның реакциясын белгілейді [31]. Сәйкесінше, маркер-бағдарланған селекцияның көмегімен бактериялық агенттердің салдарынан туындаған маститке төзімділігін күшейтуге болады [32]. Сондықтан заманауи ғылым үшін өте маңызды тапсырма ретінде иммундық жауаптың өзгеруі үшін жауапты гендер мен мутацияларды сәйкестендіру болады [31, б. 12].

Бүгінгі күні мастит қоздырғыштарының көп мөлшері (100-ден астам) бар, олардың негізгілері ретінде стрептококктар, стафилококктар және ІТТБ (ішек таяқшалары тобының бактериялары) табылады.

Бактериялық инфекция – ірі қара малдың маститке шалдығуының анағұрлым жиі себебі. Маститті тудыратын бактериялар шартты түрде екі топқа бөлінеді: қоршаған ортаның патогендері және контагиоздық (инфекциялық) қоздырғыштар [33, 34].

Қоршаған ортаның анағұрлым маңызды патогендеріне *Escherichia coli*, *Streptococcus uberis*, *Streptococcus dysgalactiae*, *Serratia spp.*, *Klebsiella spp.* және *Enterobacter spp.* жатады [35-38]. Контагиоздық қоздырғыштармен салыстырғанда энвироменталдық патогендердің көп бөлігі (environment – қоршаған орта) субклиникалық нысанын емес, клиникалық маститті тудырады. Осы патогендердің көзі – ең алдымен қоршаған орта, төсеме, көң, жәндіктер және сауу жабдығы, жоғарыда сипатталған ағзалардың түрлері кең таралған, ұзақ уақыт бойы тірі қалуға және көбеюге қабілетті. Осы патогендердің салдарынан туындайтын маститтің маусымдық ауытқымалары бар және жануарларға күтім жасалатын орынжайдағы климатқа тәуелді, ыстық және дымқыл жағдайларда маститтің бұл түрінің жиілігі ұлғаяды [39]. Патоген үрпінің арнасына сиырды сауған кезде және сауулар кезеңдерінің арасында қоршаған орта нысандарымен байланысу нәтижесінде түсуі мүмкін. Патогендердің үрпі арнасына енуіне жол бермейтін маңызды шарттар болып қоршаған ортаның гигиенасы және желіннің үрпілерін өңдеу табылады. Алайда, бұл әрекеттер қоршаған ортаның патогендерінің

салдарынан маститтің таралуын әрдайым төмендетпейді. Қоршаған ортаның гигиеналық күйінің үнемі жақсартылуына қарамастан, инфекциялық мастит ауруының төмендеуі, энвероменталдық мастит айтарлықтай күрделі мәселеге айналуға және соның салдарынан жақсы ұйымдастырылған сүт шаруашылықтарында кеңінен таралуда [35, б. 120].

Контагиоздық маститтің негізгі қоздырғыштары болып *Staphylococcus aureus*, *Streptococcus agalactiae*, *Mycoplasma spp.* және *Corynebacterium bovis* табылады [28, б. 14; 40-42]. Инфекциялық патогендер табындағы сиырлардың арасында таралады және әдетте жануардан денесінен тыс жерде ұзақ уақыт тіршілік ете алмайды [43]. Патогендердің үрпі арнасына сиырды сауған кезде сауу аппараттары, қызметкерлердің қолдары, желінді өңдеуге арналған заттар мен жабдық арқылы енеді. Жануар қоздырғыш үшін резервуарға айналады. Желіннің ширектері арасында гематогендік таралуы айтарлықтай сирек кездеседі [44]. Маститтің бұл түрі субклиникалық нысанда өтеді, клиникалық белгілері ұзақ уақыт болмайды, сүттегі соматикалық жасушалардың жоғары мөлшері ескерілмейді, сондай-ақ сүттегі бактериялардың жалпы мөлшері норманың шегінде болады.

Мастит қоздырғыштардың қандай түрінің кесірінен туындағанына қарамастан, ауру субклиникалық және клиникалық нысанда өте алады. Клиникалық маститке желіннің немесе оның бөліктерінің ісігі мен гиперемиясы, сауымның төмендеуі, сүттің сыртқы түрі мен түсінің өзгеруі тән [45]. Қандай да бір клиникалық белгілерсіз жасырын түрде өтетін мастит субклиникалық мастит деп аталады. Көзге көрінетін белгілері болмағандықтан, субклиникалық маститті анықтау үшін диагностикалық процедураларды жүргізу қажет, сәйкесінше, ол ұзақ уақыт бойы сақталуы мүмкін және созылмалы түрге ауысуы мүмкін, бұл сүт безіне айтарлықтай теріс әсеріне, сүт сапасының төмендеуіне және соматикалық жасушалар мөлшерінің ұлғаюына әкеп соғады.

Маститке диагностика жасау және алынған сүтті бақылау анағұрлым тиімді тәсілі болып соматикалық жасушалардың санын (СЖС) есептеу табылады [46, 47]. Есептеуді жүргізу үшін автоматтандырылған және органолептикалық қабылдауға негізделген көптеген әдістер бар [48].


Соматикалық жасушалар сүтте үнемі болады, себебі желін жасушаларының табиғи жаңару салдарынан туындайды. Олардың мөлшері 100 мың/см³-ден 500 мың/см³ дейін ауытқиды. Осы көрсеткіштерден кез-келген жаққа ауытқуы қалыпты емес деп есептеледі және бұрмалауды (мәні нормадан төмен болған кезде) немесе сүттің қауіпсіздігін білдіреді, себебі жануарлар желінінің бактериялық агенттермен зақымдану индикаторы болып табылады [49].

СЖС мониторингімен қатар, субклиникалық маститті диагностикалаудың басқа әдістері де бар: сиырлар желінінің сөлінің үлгілерін бактериологиялық зерттеу, полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен қоздырғыштың детекциясы, сондай-ақ сүттің рН анықтау [50-52].

1.2 Маститтің салдарынан сүттің өзгерістері

Маститтің ең маңызды салдарының бірі болып сиырлардың сүт өнімділігін төмендеуі табылады. Дәнекер тінінің жасушаларын ауыстыру салдарынан сүт безі жасушаларының зақымдануы және олардың мөлшерінің жалпы төмендеуі патогендердің тікелей әсерінің нәтижесі ғана емес, сондай-ақ қабыну реакциясынан кейін қалпына келтіру үдерістерінің нәтижесі болып табылады [28, б. 21]. Мастит уақтылы анықталып, тиісті шаралар қабылданғанына қарамастан, сүтті өндіру үдерісі бұзылады және инфекцияға дейінгі деңгейге оралу үшін бірнеше апта қажет [53-55].

Сүт өнімділігінің төмендеуімен қатар, мастит сүттің құрамына айтарлықтай әсер етеді. Лактозаның, майлар мен калийдің мөлшері төмендейді, ал қабыну салдарынан тамырлардың жоғары өтімділігі сүттегі плазманың натрий мен ақуыздарының жоғары шоғырлануына әкеп соғады. Инфекцияланған желін сүтінің құрамындағы ақуыздардың құрамына сарысулық альбумин, иммуноглобулиндер, трансферрин, лактоферрин және әртүрлі ферменттер, соның ішінде ксантиноксидаза, қышқыл фосфатаза және т.б. кіреді [56-58]. Осы ферменттердің кейбіреуі оның компоненттерін саууға дейін және кейін ыдырату арқылы сүттің сапасына әсер ете алады [59]. Сондай-ақ сүтте плазма компоненттерінің болуы салдарынан рН мәні ұлғаяды. Кейбір жағдайларда аурудың қоздырғыштары және олардың токсиндері болуы мүмкін [60]. Маститтің әсерінен сүт компоненттерінің өзгерістерін мета-талдауы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Сүттің негізгі компоненттеріне маститтің әсері

Ескертпе – Дереккөз бойынша құрастырылды [57, б. 262]

Сүт құрамындағы кейбір өзгерістер сүт безін бактериялық агенттерден қорғауға оң әсер етеді: опсондаушы антидене болып табылатын IgG2 деңгейін арттыру, күшті бактериологиялық фактор – лактоферриннің концентрациясын арттыру [61].

Желіннің зақымдануы сүттің ақуыздық бейініне әсері – казеиннің мөлшері өзгереді, атап айтсақ, β - және α -казеиндердің мөлшері төмендейді, γ -казеиндерінің концентрациясы жоғарылайды, атап айтсақ, мөлшері азаяды [62].

Әр патоген сүттегі ерекше өзгерістерге әкеп соққанын көрсететін жарияланымдардың жеткілікті жиналған [63-67]. *S. Uberis* салдарынан туындаған мастит әдетте ақуыздардың, казеиндердің, кальций мен лактоферриннің мөлшерінің төмендеуімен сипатталады [66, б. 386; 68]. *Streptococcus dysgalactiae* майлар мен казеиндердің мөлшеріне әсер етпейді, бірақ протеоздық-пептондық фракция ақуыздарының мөлшерін айтарлықтай арттырады [67, б. 650; 69]. *S. Agalactiae* салдарынан туындайтын мастит ерекше сүт ақуыздарының (казеиндер, α -лактальбумин және β -лактоглобулин) төмендеуімен сипатталады. Ішек таяқшасының салдарынан қабыну лактоферриннің, ортақ ақуыздық, протеоздық-пептондар мен плазминнің жоғары мөлшерімен шартталады, сонымен қатар, казеиндердің, кальций мен фосфордың мөлшерін айтарлықтай төмендетеді [66, б. 388; 67, б. 650; 70, 71]. *S. Aureus* әсерінен туындайтын өзгерістер ішек таяқшасы салдарынан туындайтын өзгерістерге ұқсас, лактоза мөлшерінің төмендеуі ескерілмейді [64, б. 320; 65, б. 205; 66, б. 387; 67, б. 651; 70, б. 393].

Бездің зақымданған учаскесіне лейкоциттердің көп мөлшерінің ағымының нәтижесінде сүттегі соматикалық жасушалар саны (СЖС) жоғарылайды. Зақымданған желіннің ширегінен алынған сүт клиникалық маститпен зақымданған жағдайда сүттің түсі мен консистенциясы болуы мүмкін, мұндай сүт лейкоциттердің коагуляциясының және ұя факторларының есебінен жоғары тұтқырлықпен сипатталады [59, б. 2105].

Сүттегі СЖС өзгеруі сүт безінің саулығының диагностикалық индикаторы ретінде пайдаланылады. Кеден одағының «Сүт және сүт өнімінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіне (КО ТР 033/2013) сәйкес шикі құрама сүттегі соматикалық жасушалардың мөлшерінің деңгейі 1 см³-де (г) 750 мыңнан асуы тиіс. Сау жануарларда бұл параметр әдетте 1 см³-ге шаққанда 10 мыңнан асады. Алайда, нормативтік құжаттар әрдайым құрама сүтке негізделеді. Әдетте, соматикалық жасушалар деңгейінің жоғарылауы сауымның төмендеуімен байланысты болады [72-74].

Соматикалық жасушалардың көрсеткіші малдың тұқымы, өнімділік деңгейі, жасы, бұзаулау саны, лактация дәрежесі, дербес ерекшеліктері және денінің саулығы сияқты көптеген факторларға тәуелді. Желіннің қабыну үдерістері кезінде олардың мөлшері күрт ұлғаяды. Қабыну

үдерісі көзге көрінбейтін симптомсыз өтеді және оны сүттегі соматикалық жасушалардың көрсеткіші бойынша ғана анықтауға болады, әдетте, бұл параметр 1 см³-ге шаққанда 500 мыңнан асуы мүмкін, бұл субклиникалық маститті білдіреді. Егер осы кезеңде қажет әрекеттерді қабылдаса, онда субклиникалық мастит барлық симптомдар толық шамада білінетін созылмалы маститке ауысуы мүмкін [49, б. 120; 75-77].

Кейбір жағдайларда сүт безінің инфекциялануы керісінше сүттегі соматикалық жасушалардың мөлшерінің төмендеуіне әкеп соғады [78]. Маститтің осы түрін анықтау үшін диагностикалаудың бірнеше әдісін кешенді пайдалану қажет [46, б. 1713]. СЖС-ке инфекцияның кезеңі де әсер ете алады. Эксперименталды түрде маститке шалдыққан сиырларда СЖС жіті инфекция кезеңінде ең жоғары болды [79]. Интрамаммарлық инфекцияны емдегеннен кейін соматикалық жасушалар саны ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде сақтала алады [80, 81]. Сонымен қатар, қоздырғыштың түріне байланысты жануар ағзасының иммундық жауабы өзгереді, сәйкесінше, әр патоген сүттегі ерекше өзгерістерді тудырады [67, б. 650; 82]. Djabri В. және авторластарының зерттеулерінде *Corynebacterium bovis* салдарынан туындаған мастит кезінде соматикалық жасушалардың ең төмен деңгейі туралы айтылады – 1 мл-де 105 000 жасуша, ал ішек таяқшасы салдарынан туындаған мастит кезінде деңгейі ең жоғары (1 мл-де 1 151 000 жасушаға дейін) [83]. *S. aureus* және *S. Ubris* салдарынан туындаған мастит кезінде СЖС 1 мл-де сәйкесінше 357 000 және 1 024 000 жасушалар деңгейінде болды [83, б. 339]. Қоздырғышқа қарамастан, соматикалық жасушалар мөлшерінің ұқсас өзгерістері күйіс қайыратын ұсақ жануарларда байқалады [58, б. 130; 84-86].

Сауымның шығыны қоздырғыштардың түріне байланысты болады, осылайша, *S. aureus*, *E. coli*, *Streptococcus spp.*, *Klebsiella spp.* салдарынан туындаған мастит кезінде ең көп шығындар байқалды [54, б. 3362]. Ішек таяқшасының салдарынан туындаған клиникалық мастит кезінде сауымның шығыны күніне 15 кг дейін, алтын түстес стафилококк салдарынан туындаған мастит кезінде сауым сүттің мөлшері күніне 1,6 кг құрайды [66, б. 387]. Schukken Y.H. және авторластары грам теріс бактериялардың салдарынан туындаған мастит кезінде байқалатынын, грам оң патогендердің салдарынан туындаған мастипен салыстырғанда 128-133 кг қарсы маститті диагностикалаған сәттен бастап 50 күн ішінде сауылмаған сүттің мөлшері 228-304 кг хабарлайды [87].

Сүттің соматикалық жасушалары қоздырғыштан иммундық қорғау компонентін білдіреді, төмен СЖС (1 мл шаққанда <200000 жасуша) қоздырғыштың сіңуіне жаншылған немесе тиімсіз иммундық жауапқа көрсете алады. Кейбір авторлардың хабарлауынша, төмен СЖС клиникалық маститтің одан әрі даму тәуекелінің факторы ретінде қарастырылады [88, 89].

Соматикалық жасушаларды есептеу – кеңінен пайдаланылатын, бірақ көптеген факторларға әсер ете алатын интраммарлық инфекцияның жетілмеген индикаторы. СЖС өлшеумен қатар, сүтті бактериялық себу қажет, бұл диагностикалаудың өте тиімді әдісі болып табылады [90]. ПТР немесе ИФТ көмегімен маститтің қоздырғыштарын анықтау қоздырғышты айқындау және сәйкестендіру үшін баламалы бактериялық талдауды білдіреді және соңғы жылдары бұл әдістер анағұрлым қолжетімді, бірақ айтарлықтай көп шығын жұмсалады [52, б. 490]. Сүтте және сүт безінде маститке байланысты туындаған өзгерістерді (мысалы, сүт консистенциясының өзгеруі, сүт безі ұлпаларының қабынуы) жүйелі түрде қадағалау клиникалық маститті анықтауға мүмкіндік береді, бірақ оның субклиникалық нысанын көрсетпейді. СЖС өлшеуді, патогендерді анықтауды және клиникалық маститті тексеруді комбинациялау есебінен инфекциялық күйді сенімді анықтауға болады [91].

Сүттің көптеген бөлігі өңдеуге жіберіледі, құрама сүтте маститтің азғантай қоспасы (15% және одан артық) оның технологиялық қасиеттерін күрт нашарлатады. Осындай сүттен жасалған өнімдердің әртүрлі кемшіліктері болады, биохимиялық үдерістердің бұзылуы және құрамының өзгеруі салдарынан шикізат нашар өңделеді [69, б. 411].

Ауру жануарлардан алынған сүт жоғары температурада инактивацияланатын және ұзақ мерзімге шыдайтын (30 мин) термиялық төзімді бактериялармен инфекциялануы мүмкін [92, 93]. Сүтті термиялық өңдеу қоздырғыштарды өлтіреді, бірақ сүтті токсиндерден құтқара алмайды, мұндай токсиндер сүтті тұтынған кезде улануға әкеп соғуы мүмкін [49, б. 118].

Егер пастерленген сүтті өндірген кезде құрамында соматикалық жасушалардың мөлшері жоғары шикізат пайдаланылса, онда кесімді өнімде дәм мен иістің ақаулары пайда болады. Дәм кемшіліктері (ашыған, қышқыл және ащы дәм) ауру жануарлардың сүтінде ферментативтік белсенділіктің өзгеруі нәтижесінде туындаған липолитикалық және протеологиялық үдерістердің белгісі болып табылады. Бактериялық ластанған кезде дәм кемшіліктеріне тұрақты жағымсыз иіс қосылады [94]. СЖС жоғары шикізаттан жасалған пастерленген және ультрапастерленген сүтте протеаз бен липаздың деңгейі соматикалық жасушалардың мөлшері норманың шегіндегі сүттен жасалған ұқсас өнімдегі тиісті ферменттердің деңгейінен бірнеше рет артады [95-97]. Жоғарыда аталған кемшіліктер сүтті одан әрі өңдеу арқылы алынған йогурт және ірімшік сияқты өнімдерде де туындайды, оларды сақтау мерзімдері айтарлықтай қысқарады [98-101]. Сонымен қатар, СЖС жоғары шикізаттан ірімшіктерді өндірген кезде текстурасының ақаулары, жетілу уақытының ұлғаюы және ылғалдың жоғары мөлшері байқалады [102-104].

1.3 Сиырлардың маститке төзімділігіне әсер ететін факторлар

Маститтің патогенезі – желіннің патогендері мен ұлпалары арасындағы өзара әрекеттесу үдерісін белгілейтін көптеген факторлар әсер ете алатын күрделі үдеріс [105]. Патогеннің сіңуіне жауап ретінде омыртқалылардың иммундық жүйесі қорғаныстың бірнеше жүйесін дамытты, олар туа біткен және бейінді иммунитетке бөлінуі мүмкін. Маститтің патогенезінде туа біткен иммунитеттің рөлі ерекше, оның қорғаныс механизмдері аурудың қоздырғыштары үшін (үрпі арнасының беткі қабатын тегістейтін эпителий, сүттің құрамындағы лейкоциттер және т.б.) алғашқы тосқауыл болады [106-110]. Арнаны тегістейтін кератиноциттер кератин мен липидтерді өндіреді, олардан қорғаныстығы қалыптасады, осылайша сүт безінің инволюциясы кезінде және суалу кезеңінде көптеген бактериялық патогендер үшін өткізбейтін тосқауыл жасайды [105, б. 11; 108, б. 232; 109, б. 251; 111]. Лактациялаушы сиырларда кератин тығыны жоғалады, ацетилхолиннің әсерімен қысқыш бұлшықет саңылауының қысқаруының арқасында үрпі саңылауы жабылады. Алайда қысқыш бұлшықеттің қысқару мерзімі екі сағат және одан артық болады, осы кезең ішінде сүт безі патогендік микроағзалармен зақымдалады [105, б. 8; 107, б. 372]. Маститке шалдығудың алдын алу шараларының бірі болып жануарларды сауғаннан кейін бірден азықтандыру, себебі азықтандырған кезде жануарлар жатпайды және төсемен және көңмен тікелей байланысады [112].

Ауруларға төзімділік генетикалық факторларға және қоршаған ортаның факторларына тәуелді. Қоршаған ортаның факторларына азықтану рационы мен шарттары, жануардың жасы, ілеспе аурулары, гормондық күйі, қоршаған ортаның температурасы, күтім жасау жағдайлары, сондай-ақ қоздырғыштың типі мен дозасы кіреді. Аурудың ауырлығына әсер ететін генетикалық факторлар дербес сезінгіштікке әсер ететін геномдағы кез-келген ауытқымаларды білдіреді.

Қоршаған ортаның факторлары өз кезегінде гендердің экспрессиясына әсер ету арқылы генетикалық факторларға айтарлықтай әсер етеді [105, б. 14].

Маститке төзімділіктің мінсіз факторының мынадай қасиеттері болуы тиіс: нысандылық, жеңілдік, арзандық және өлшемдердегі дәлдік, бұл фактордың жануардың өмірінің басында анықтаған жөн. Сондай-ақ фактор тұқым қуалайтын болуы тиіс және кереғарлық деңгейімен генетикалық тұрғыдан сәйкестігі болуы тиіс, сондықтан ұрпақты таңдау оң генотиптері бар ата-енесіне негізделуі тиіс [113].

Бірқатар факторлар желіннің саулығын жақсарту үшін селекциялық бағдарламаларда пайдаланылады. Келесі ұрпақ үшін ата-ене ретінде маститке төзімділікті арттыру үшін кейбір бағдарламаларда маститке анағұрлым сирек және оңай түрлеріне шалдыққан сиырлар

пайдаланылады. Бірқатар авторлар осы әдіспен тандалған сиырлардың маститке генетикалық төзімділігін ұрпақтарына бермейтінін анықтады [114-116].

Мастит өте күрделі ауру болып табылады және анықталған клиникалық жағдайлардың саны ауру жануарлардың жалпы санынан азғантай мөлшерін бейнелейді. Сонымен қатар, далада клиникалық жағдайларды диагностикалау қиын, белгілі бір уақытты қажет етеді және оның тиімділігі өзгермелі болып келеді. Скандинавиялық елдерде маститтің клиникалық жағдайлары туралы жазбалардың негізінде тұрақты ұрпақты алу үшін ата-енелер іріктеледі, себебі барлық ветеринарлық іс-шаралар қатаң түрде есепке алынады [115, б. 1327]. Алайда, мәселе шешілмей қалуда, себебі клиникалық маститті диагностикалаған кезде сиыр сауу жағдайларын, физиологиялық ерекшеліктерді, ағзаның күйін дербес түсіндіру қажет, сондықтан маститтің клиникалық жағдайларының ауырлығы мен ұзақтығын сипаттау стандарттары жоқ [113, б. 212].

Клиникалық маститке шалдыққан сиырлар көптеген жағдайларда сүтінен айырылады және сүт өнімділігінің деңгейі төзімділік факторы ретінде пайдаланыла алады. Бірақ осы төзімділік факторы да пайдалы емес, себебі сүт өнімділігі төмен сиырлар желін патогендерінің әсеріне айтарлықтай аз шалдығады [116].

Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда маститті диагностикалаған кездегі негізгі критерий және желіннің саулығын жақсарту жөніндегі селекциялық бағдарламалардағы негізгі фактор болып соматикалық жасушалар саны табылады. Талдау үшін автоматтандырылған құрылғылар санының көп болуы, анықтау оңайлығы арқасында бұл фактор негізгі факторға айналды, соматикалық жасушалар саны клиникалық маститпен тікелей байланысты және тұқым қуалайтын сипатқа тән [117]. Сондай-ақ көптеген ғалымдар сүтте соматикалық жасушалар саны бар әртүрлі молекулалық-генетикалық маркерлердің ассоциациясын зерттеу бойынша зерттеулерді жүргізді, бірақ бұл маркерлер зерттелетін тұқымға байланысты әртүрлі хромосомаларда орналасқан [118, 119]. ІҚМ өсірудің ағымдағы бағдарламалары сүттегі соматикалық жасушалардың санын азайтуға ұмтылады, олардың жоғары мөлшері мен қабыну үдерісінің болуы, арасындағы оң байланысқа негізделеді. Шынымен де, жоғарыда аталған тәсілмен іріктеп алынған ұрпақтардың арасында мастит жиілігінің төмендеу беталысы көрсетіледі, төмен соматикалық жасушалар саны сиырлар желінге патогендердің сіңуіне және көбеюіне ұшырамағанын немесе тосқауыл болмағанын көрсете алады. Сонымен қатар, маститтің диагностикасындағы соматикалық жасушалардың рөлі мен санына қатысты пікірталастар жүргізіледі [120], инфекциялық мастит кезінде соматикалық жасушалар саны төмендегені байқалды. Бұл деректер сиырларға *S. aureus*

штамдарын жұқтыру арқылы [121] эксперименталдық тұрғыдан расталды.

Төзімділіктің әлеуетті факторлары ретінде желіннің пішіні мен консистенциясын, үрпінің конформациясын атап өткен жөн, бұл факторлар көптеген селекциялық бағдарламаларда пайдаланылады, оларды оңай бағалауға болады, бағалау үшін ешқандай жабдық талап етпейді. Өкінішке орай, желін конформациясы мен мастит арасындағы генетикалық корреляция аз, дегенмен көптеген зерттеушілер жоғары және тығыз желіні бар сиырлар патогендердің енуіне төзімділік көрсететінін атап өтті. Жекелеген дербес зерттеулерде сауу жылдамдығы және үрпінің ұзындығы соматикалық жасушалардың санымен және клиникалық маститпен оң немесе теріс байланысқан, басқа зерттеушілер бұл байланысты мүлдем анықтаған жоқ [122, 123]. Барлық осы қасиеттердің тұқым қуалау қасиеті айқын, бірақ дұрыс бағдарламаларды құрастыру үшін көбірек ақпарат жинап, ауқымды зерттеулер жүргізу қажет [113, б. 213].

Молекулалық маркерлерді ескере отырып, селекциялық өсіру арқылы инфекциялық ауруларға төзімділікті жақсартуға негізделген тәсілдеме анағұрлым танымал болуда. Полиморфтық нұсқалары ағзаның маститке қатысты резистенттілігіне әсер ететін бірқатар кандидат-гендер бар, олар: гистоүйлесімділік кешені (*MHC*), интерлейкиндер (*IL*), толл-тәріздес рецепторлар (*TLR*), лактоферрин, *CARD15*, *FEZL*, *CD14*, 4 комплементтің компоненті (*C4A*), маннозаны байланыстыратын лектиндер (*MBL1* және *MBL2*), соматотроптық кешен гендері және т.б. [124-148].

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, маститке төзімділік маркерлеріне кандидаттар ретінде, сүттің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін соматотроптық кешен гендерінің (*GH*, *IGF-1*), лактоферрин гендерінің (*LTF*) және маннозаны байланыстыратын лектиннің (*MBL1*) полиморфизмдерін ұсынамыз.

1.3.1 Маннозаны байланыстыратын лектин генінің (*MBL1*) полиморфизмі

Маннозаны байланыстыратын лектинді (*MBL*) маннозаны байланыстыратын ақуыз (*MBP*) деп аталады, бұл – кальцийге тәуелді сарысулық ақуыз, ол патогендердің барлық дерлік түрлерінің (вирустар, бактериялар, ашытқылар, қарапайымдылар және паразиттер) беткі қабатындағы моносахаридтермен байланысу арқылы иммундық жауапты белсендіруде маңызды рөл атқарады [19, б. 336]. Маннозаны байланыстыратын лектин ақуыздардың кең тобы – коллектиндердің мүшесі болып табылады, олар гепатоциттермен синтезделеді және патогендердің беткі қабатында опсондалады, осылайша оларды айырып тану үшін және фагоциттерді сіңіру үшін белгілейді. Коллектиндер құрамындағы екі құрылымдық доменнің: коллагендік және лектиндік

доменнің арқасында өз атауын иеленді. Коллагендік домен туа біткен иммундық жүйенің тиімді бөліктерімен өзара әрекеттеседі, лектин өз кезегінде манноза, фруктоза және т.б. моносахаридтер орналасқан бактериялық беткі қабатпен байланысады. Көрініп тұрғандай, дұрыс жұмыс және MBL әрекеті барлық компоненттердің үйлесімді жұмысына тәуелденеді, сәйкесінше, оның амин қышқылды құрамындағы кез-келген өзгерістер туа біткен иммунитеттің барлық жұмысына, атап айтсақ, опсонизация атқарымдарының бұзылуына, комплементті белсендіруге және бөгде агентті бейтараптандыруға айтарлықтай әсер ете алады [19, б. 337; 20, б. 52].

Сүтқоректілердің барлық дерлік түрлерінде *MBL1* және *MBL2* гендері бар, олар маннозаны байланыстыратын лектиннің - MBL-A және MBL-C құрылымдық ақуыздарын кодтайды [149].

Ірі қара малдағы маннозаны байланыстыратын лектин гені (*MBL1*) 28 хромосомада орналасқан (NCBI-гі референстік бірізділік: NC_037355.1) және 5223 нуклеотидтер жұбы (ж.н.), бар NCBI-гі генді сәйкестендіргіш: 497014. Геннің құрамында 5 экзон мен 4 интрон бар. *MBL2* гені 26 хромосомада орналасқан (NCBI-гі референстік бірізділік: NC_037353.1), ұзындығы 4127 ж.н. артық және төрт экзоннан және үш интроннан тұрады, NCBI-гі генді сәйкестендіргіш: 281297.

MBL1 және *MBL2* гендерінде нуклеотидтік бірізділіктің өзгерістері жануарлардың әртүрлі инфекцияларына төзімділігін өзгертеді [150, 151]. Гендердің кодтаушы аймақтарындағы бір нуклеотидтік полиморфизмдер немесе SNP олар синтездейтін ақуыздардың амин қышқылды құрамына және құрастыруына әсер етеді, бұл қан плазмасында маннозаны байланыстыратын лектин мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғады және туа біткен иммунитеттің атқарымсыздығына әкеп соғуы мүмкін, бұл қорытынды сүтқоректілердің көбісі үшін әділ [151, б. 160; 152]. Жекелеген авторлардың пайымдауынша, кейбір гаплотиптер бактериялық, вирустық және паразиттік ауруларға шалдығуды ұлғайтады [153-155].

Бактериялар ірі қара малдың маститке шалдығуының анағұрлым жиі себептерінің бірі болғандықтан, *MBL1* және *MBL2* гендерінде нуклеотидтік полиморфизмдерді талдау маститке қатысты генетикалық резистенттілікті анықтауға ықпал ете алады. Сүтті бағыттағы ірі қара малдың қытайлық популяцияларында, соның ішінде қытайлық голштин тұқымында *MBL1* генінің полиморфизміне скрининг жасау арқылы Wang және авторластары g.2651G>A екінші экзонның аймағындағы полиморфизмі мен соматикалық жасушалардың саны арасындағы маңызды байланысты анықтады, табылған төзімділік маркерімен қатар, авторлар сүтті бағыттағы малды өсіру бағдарламаларында жоғары сауыммен және маститке төзімділікпен байланысты кешенді генотиптерді ұсынды [156]. Кейін авторлардың осы тобы *MBL2* генінің полиморфизмдерін зерттеді, бірінші экзонда талданған

төрт SNP арасынан екеуі соматикалық жасушалардың мөлшерімен айтарлықтай байланысты көрсетті (g.201G> A және g.234C> A) [126, б. 314].

Yuan және авторластары үш SNP анықтады (бірінші интронда g.1252G>A, екінші экзонда g.2534G>A және g.2569T>C), бұл мутациялар ДНК және ПТР-РФҰП (g.1252G>A-*AvaII*, g.2534G>A-*MaeII* және g.2569T>C-*HaeIII*) секвенирлеудің көмегімен сәйкестендірілді. Авторлар анықтаған полиморфизмдер амин қышқылдық ауыстыруға: валинді (Val) изолейцинге (Ile) ауыстыруға әкеп соғады. *MBL1* генінің аталған полиморфизмдерін және соматикалық жасушалардың мөлшерін корреляциялық талдау g.2534G>A полиморфизмі үшін ассоциацияны көрсетті, GA және AA генотиптері бар дарақтармен салыстырғанда GG генотипі бар дарақтарда соматикалық жасушалардың деңгейі анағұрлым төмен. Сонымен қатар, g.1252G>A және g.2569T>C полиморфизмдері үшін корреляциялар анықталған жоқ [144, б. 9]. V.N. Muhasin Asaf және авторластар маститке төзімді маннозаны байланыстыратын лектин (*MBL1*) генінде орналасқан rs109231409 нуклеотидтік алмасуының корреляциялық байланысын орнату талпынысын қабылдады. Полиморфизмді талдау ПТР-РФҰП g.855G>A-*ApaI* әдісімен жүргізілді, маститке төзімділікпен ассоциативтік байланыс анықталмағанына қарамастан, авторлар бұл полиморфизмді одан әрі зерттеу үшін ұсынды [145, б. 808].

Сүттің физикалық-химиялық көрсеткіштерін және *MBL1* генінің полиморфизмімен қауымдастықта маститке төзімділікті зерттеу Ресейде, Татарстан Республикасының Атнин ауданының Ленин атындағы АШӨК асыл тұқымды зауытында голштин тұқымды сиырларға жүргізілді, іріктемеге 366 жануар қатысты, *MBL1^{CC}* генотипі мен сүттегі соматикалық жасушалардың төмен мөлшері арасында корреляция табылады [157, 158].

Aksel E.G. және авторластары 2021 жылы үш SNP генетикалық құрылымына (g.1252G>A-*AvaII*, g.2534G>A-*MaeII* және g.2569T>C-*HaeIII*) талдау жүргізді және олардың ІҚМ маститімен байланысы зерттелді, зерттеу үшін голштин тұқымының сиырлары (151 бас) іріктеп алынды. 1252 G>A полиморфизмі үшін генотиптердің жиілігі: AA – 11.9%, GA – 31.8%, GG – 56.3%, аллельдердің жиілігі: A – 0.28, G – 0.72 құрады; 2534 G>A полиморфизмі үшін генотиптердің жиілігі: AA – 39.7 %, GA – 41.1%, GG – 19.2%, аллельдердің жиілігі: A – 0.60, G – 0.40 құрады; 2569 T>C полиморфизмі үшін генотиптердің жиілігі: AA – 17.2%, GA – 40.4%, GG – 42.4%, аллельдердің жиілігі: A – 0.37, G – 0.63 құрады. Авторлар *MBL1* генінің интрондық аймағында орналасқан SNP 1252 G>A және экзондық аймағында орналасқан SNP 2534 G>A сиырлардың субклиникалық маститке шалдығуына айтарлықтай әсер етеді [159]. Kamaldeer жетекшілік еткен авторлардың тобы *MBL1* g.2534G>A генінде SNP әсері бағаланды, зерттеудің нәтижесі бойынша GG генотипі бар жануарлардың маститке шалдыққыштығы айтарлықтай төмен болды және көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен болды, ірі қара малда СЖС (P<0,01) және


енекелердің СЖС ($P < 0,05$) құрады. Сондай-ақ GG генотипі бар жануарлар бірінші рет бұзаулаудың анағұрлым төмен жасын ($P < 0,05$) көрсетті [160].

Сонымен, ұсынылған мәліметтерден көрініп тұрғандай, маннозаны байланыстыратын лектин гендері туа біткен иммунитет жүйесінің жұмысына айтарлықтай үлес енгізді және осы гендердегі полиморфизмдер маститке қатысты резистенттілікті жақсарту және сүттің сапасын жақсарту бағдарламаларында пайдаланылуы мүмкін. Әрбір нақты өңірде жануарлардың тұқымдары мен бастарын зерттеу мақсатында одан әрі зерттеулер жүргізу талап етіледі. Осындай жақсартулар сүтті бағыттағы мал шаруашылығының рентабельділігін арттырып қана қоймайды, бірақ антибиотиктерді пайдалануды барынша азайту есебінен өндірілетін өнімнің сапасын жақсартады.

1.3.2 Лактоферрин генінің (*LTF*) полиморфизмі

Ірі қара малдың лактоферрині (ЛФ) – бұл трансферриндер тобына жататын көп атқарымды металл байланыстыратын ақуыз, барлық биологиялық сұйықтықтардың құрамына кіреді [161-163]. ЛФ екі шар тәрізді үлестен тұрады, олардың әрқайсысында темір байланыстыратын сайт бар. N- және C- үлестер деп белгіленген осы үлестер полипептидтің N- және C-ұштық жартыларын білдіреді [164].

Лактоферрин сүт қоректілердің қорғаныс механизмінде маңызды рөл атқарады [21, б. 536; 22, б. 417; 23, б. 1; 24, б. 286] (2-сурет).



2-сурет. Лактоферриннің негізгі қасиеттері мен атқарымдарының тізбесі

Ескертпе. Дереккөз бойынша құрастырылды [23, б. 3]

Лактоферрин бездердің эпителий жасушаларында синтезделеді, сол жерден биологиялық сұйықтықтарға түседі, сондай-ақ ақуыз нейтрофиллдердің қайталама түйірлерінде жиналады және қоздырғыш анықталған кезде жоғары концентрациялардан сыртқа шығарылады [24, б. 287; 165, 166].

ЛФ бактериостатикалық белсенділігі бездің адсорбциясына әсер ететін факторларға, соның ішінде рН деңгейіне, байланыстыру үшін қажет иондардың болуына және патогенде бар безді байланыстыру механизмдеріне тәуелденеді. Сөл ортасын қанықтыру арқылы, сондай-ақ рН қышқыл жағына қарай ысырған кезде ЛФ әсерін жоюға болады. ЛФ сөлді байланыстыру қабілетінен айырылады [167-170]. Бактериостатикалық және бактерицидтік белсенділікпен қатар, ЛФ гранулопоэз, цитокиндер мен интерлейкиндерді шығару, антиденелер мен киллерлердің синтезі, лимфоциттердің пролиферациясы және комплементті белсендіру сияқты әртүрлі иммунологиялық атқарымдарды қуатты белсендіргіш және реттегіш болып табылады [22, б. 418; 171-173] (2-сурет). Сондай-ақ ЛФ қатерлі ісікке қарсы бола алады [174, 175] және вирусқа [176], зенге [177] және паразиттерге қарсы әрекет етеді [178]. Baker E.N. және авторластары ЛФ көп атқарымды ақуыз болып табылады, көптеген биологиялық атқарымдарды орындайды және оларды орналасқан ортасына байланысты білдіреді деп пайымдады [179].

Сүтқоректілермен салыстырғанда, сиыр сүтінің құрамында лактоферриннің мөлшері салыстырмалы түрде төмен; концентрациясы 0,02 мг/мл-ден 0,35 мг/мл дейін құрайды [180, 181]. Сүт безінде шығарылатын ЛФ сүтте екі рөлді атқарады: жаңа туған төлдің сүт безі мен ішегін қорғайды. Енесінің сүтімен қоректендірілген жаңа туған төлдердің асқазан-ішек жолы коммерциялық қоспалармен қоректендірілген төлдермен салыстырғанда айтарлықтай жылдам дамиды және өседі [182]. Субклиникалық маститке шалдыққан сиырлардың сүтінде лактоферриннің орташа концентрациясы әдеттегі сиыр сүтіне қарағанда жоғарырақ (0,2-1,2 мг/мл) [64, б. 320]. Сонымен қатар, субклиникалық мастит кезінде ЛФ концентрациясы бактериялардың әр түрінің патогендігіне тәуелдене алады; *S. aureus* немесе стрептококктармен инфекцияланған үрпі ширегінен алынған сүттегі ЛФ орташа концентрациясы коагулазалық-теріс стафилококктармен (*S. epidermidis*, *S. saprophyticus* және т.б.) және *Corynebacterium bovis* инфекцияланған сүтке қарағанда айтарлықтай жоғары [64, б. 321]. Клиникалық маститке шалдыққан сиырлардың сүтінде ЛФ концентрациясы 0,3 мг/мл-ден 2,3 мг/мл дейін ауытқи алады; мөлшері сау сиырлардың немесе субклиникалық маститке шалдыққан сиырлардың сүтіне қарағанда жоғарырақ.

Ірі қара малдың лактоферрин гені (*LTF*) 22 хромосомада орналасқан (NCBI-гі референстік бірізділік: NC_037349.1), 17 экзон мен 16 интрон бар,

33 394 нуклеотидтер жұбынан (ж.н.) тұрады, NCBI-гі генді сәйкестендіргіш: 280846.

Лактоферриннің туа біткен иммунитетпен тікелей байланысының салдарынан ол маститке қана емес, сондай-ақ көптеген басқа ауруларға төзімділік маркерлерінің келешекті кандидаттары болып табылады [183, 184]. Лактоферрин геніндегі полиморфизмдер көптеген аймақтарда, соның ішінде интрондарда, экзондарда, промоторларда және кодтаушы учаскелерде кездеседі [185, 186]. Нәтижелері ген экспрессиясының реттеуші аймақтағы полиморфизмдерге тәуелділігін көрсетеді [187, 188]. +32 (G/C) жайғасымындағы полиморфизм сүттегі ақуыздың шығымына және концентрациясына әсер етеді, алайда, соматикалық жасушалардың мөлшеріне қатысты айтарлықтай корреляция анықталған жоқ [186, б. 926]. СС генотипі бар сиырлар GG генотипі бар сиырлармен салыстырғанда сүттегі ақуыздың анағұрлым жоғары мөлшерін көрсетеді ($P < \text{немесе} = 0.01$). Сүт өнімділігінің басқа көрсеткіштері де жоғары болды, бірақ болмашы деңгейде болды. СС генотипі бар сиырлардың сүтіндегі СЖС ең төмен болды, бірақ деңгейі болмашы. Кейін, авторлардың осы тобы сүтті ақуыздың анағұрлым жоғары шығымы +216 жайғасымындағы полиморфизммен байланысты екенін хабарлады. Осындай ауыстыру басқа полиморфизммен бір кешенде (мысалы, өсу гормоны рецепторының генімен) байқалған кезде ол сауым сүттің мөлшерін арттыра алады, сондай-ақ сүтте ақуыз бен майдың концентрациясын арттыра алады [189]. Бұл зерттеулер Польшада өсірілетін голштин-фриз сиырларында жүргізіледі.

Li және авторластар полиморфизмдерді 4, 8, 9, 11, 15 экзондарында және 4 интронында анықтады. Төртінші экзондағы ауыстыру амин қышқылды құрамдағы өзгерістерге (изолейциннің валинге өзгеруіне) әкеп соқты, сонымен қатар, басқа полиморфизмдер ақуыздардың синтезіне әсер еткен жоқ [185, б. 75]. Авторлардың қорытындысы бойынша, 15-экзондағы мутация лактоферрин генінің реттеуші аймақтарындағы басқа мутациялармен туындайды. Бұл геннің трансляциясы мен реттеуінде маңызды рөл атқарады.

6-интрондағы *LTF* генінің полиморфизмін Wojdak-Maksymiec жетекшілік еткен авторлардың тобы зерттеді, олардың пайымдауынша, А аллелі бойынша гомозиготалық жануарлардың соматикалық жасушалар саны АВ гетерозиготасына қарағанда анағұрлым төмен [134, б. 18]. Дәл осы полиморфизмді авторлардың басқа тобы зерттеді және басқа нәтижелерді көрсетті: ВВ генотипі бар жануарлар соматикалық жасушалар саны төмен, ал АВ гетерозиготтар бар жануарлардығы айтарлықтай жоғары, бұл ретте А аллелі бойынша гомозиготалар гетерозиготалардан айтарлықтай өзгешеленді. Осы полиморфизмнің мәселесі ВВ гомозиготаларының өте төмен кездесуіне негізделеді [190]. Осы полиморфизм бүкіл әлемдегі зерттеушілердің қызығушылығын тудырды,

жануарлардың скринингі Ресей Федерациясында және Қазақстанда жүргізілді. Тюлькин С.В. және авторластар голштин тұқымды 70 өндіргіш бұқада осы полиморфизмге жиіліктік талдау жүргізді, АА генотипінің жиілігі 61,4%, АВ – 34,3%, ВВ – 4,3% құрады [191]. Шамсиева Л.В. жүргізген зерттеулерге сәйкес голштин тұқымды 366 сиырларда лактоферрин және маннозаны байланыстыратын лектин $MBL1^{TT}LTF^{AB}$ гені бойынша кешенді генотип табылды, бұл генотип маститке қатысты анағұрлым үлкен резистенттілікті қамтамасыз етеді және сүттің сапасына тиімді әсер етеді [192]. Қазақстанда LTF генінің зерттеулері $GDF-9$ генімен кешенде, Алматы облысында орналасқан «Байсерке-Агро» ЖШС-ң 88 голштин тұқымды сиырларында жүргізілді, жұмыстың нәтижелері бойынша маститтің субклиникалық түріндегі аурудың тәуекелі жоғары LTF^{AB} генотипінің ассоциациясы анықталды [193, 194].

Лактоферрин туа біткен иммунитетпен байланысты болғандықтан және ағзада көптеген атқарымдарды орындағандықтан, LTF гені маститке төзімділіктің және сүттің сапасын арттырудың маркері ретінде үздік кандидат болып табылады.

1.3.3 Соматотроптық гормоналды кешен гендерінің (GH және $IGF-1$) полиморфизмі

Соматотроптық гормоналдық кешен немесе соматотроптық ось өсу гормонынан (GH), өсу гормонының рецепторынан (GHR) және инсулинге ұқсас өсу факторлары ($IGF-1$ және $IGF-2$) генінен тұрады, өсу мен дамуда және метаболизмде өзекті рөл атқарады, гормоналдық кешеннің барлық компоненттері метаболитикалық гомеостазаны қолдауды үйлестіреді [195]. Мәлім болғандай, метаболизмге жоғары деңгейде қолдау көрсетудің арқасында лактацияланатын сиырдың ағзасы сүт шығарумен байланысты жоғары жүктемелерге шыдай алады. Осы ақпаратқа сүйене отырып, сүттің сапа құрамын және жануарлардың өнімділігінің жоғары деңгейлерін қолдау үшін соматотроптық гормоналдық кешенінің гендерінің жұмысына әсер ететін механизмдерді зерттеу маңызды [25, б. 527; 26, б. 32]. Зерттеу үшін өсу гормоны гендерін және инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гендерін іріктеп алынды.

Өсу гормоны (GH) немесе соматотроп – гедофизбен сөлденетін пептидтік гормон қалыпты постнаталдық өсуді бақылайды және физиологиялық үдерістерді реттейді, соның ішінде көмірсулардың, липидтер мен минералдардың метаболизмін реттейді, сүтқоректілердің барлық түрлерінің лактациясына және сүтінің құрамына әсер етеді [196-199]. Сондай-ақ GH бауырды инсулинге ұқсас фактор-1 генінен ($IGF-1$) босатуды ынталандырады, өз кезегінде ол өсу мен метаболизмді бақылайды [195, б. 149]. Осы жұмыста қарастырылатын өсу гормонының лактотроптық әсері инсулинге ұқсас факторлардың қатысуымен

жасушаішілік деңгейде жүзеге асырылады, олардың физиологиялық әсері инсулинге ұқсас.

Ірі қара малдың *GH* гені өлшемі 1 869 ж.н. бір көшірмелі ген болып табылады (Gene ID: 280804), 19 хромосомада орналасады (NC_037346.1) және 5 экзоннан және 4 интроннан тұрады [200, 201].

Осы геннің 5-экзонындағы Leu/Val полиморфизмі ерекше қызығушылық тудырады. Leu/Val полиморфизмі соматотроптың екі нұсқасын ұсынады, олар амин қышқылды құрамда лейциннің (Leu) немесе валиннің (Val) болуымен өзгешеленеді [202]. Лейцин бар нұсқа немістің қара ала сиырларында өсу гормонының анағұрлым жоғары босауымен және польшалық фриз сиырларда анағұрлым төмен босауымен байланысты [203, 204]. Босатылатын өсу гормонының мөлшері сияқты, осы нұсқаларды продуцирлейтін Leu және Val аллельдерінің жиілігі тұқымдар арасында өзгешеленеді. Лейцині бар аллельдің нұсқасы голштин тұқымында жиірек кездеседі, осы тұқымда соматотроптың анағұрлым көп бөлінуі және Leu аллелінің анағұрлым жоғары жиілігі бұл аллель сүтті тұқымды жануарлардың арасында соматотроптың босатылуының айырмашылығына және тұқым ішінде дарақтар арасындағы айырмашылыққа ықпал етеді [205-207]. Амин қышқылды құрамдағы осы өзгеріс *AluI* рестрикциясының праймерлері мен ферментін тікелей (1940 күйі) және кері (2202 күйі) пайдалану арқылы ПТР-РФҰП талдау әдісімен детекцияланатын C/G нуклеотидтік полиморфизмінің арқасында орын алады [205, б. 328]. Барлық дерлік зерттеулер L аллелінің V аллелінен басымдығын пайымдайды [208-211]. Сүттің сапа көрсеткіштерінің (май, ақуыз) және сауым деңгейінің орташа мәні валин бойынша гомозиготтық сиырларға қарағанда LL және LV генотиптері бар жануарларда айтарлықтай жоғары [212-214].

Жоғарыда көрсетілген полиморфизммен қатар, *GH* генінің ішінде және геннің айналасындағы фланктеуші геннің басқа SNP анықталды [215, 216]. Бұл зерттеулер көрсеткендей, геннің ішіндегі немесе оның жанындағы аймақтардағы басқа мутациялар геннің экспрессиясына әсер ете алады [217, 218].

Ірі қара малдың және күйіс қайыратын ұсақ малдардың әртүрлі тұқымдарында экзогенді өсу гормонын енгізу бойынша эксперименттерді жүргізді, барлық осы тәжірибелер сүт өнімділігінің ұлғайғанын, ақуыз бен майдың шығымын көрсетті. ІҚМ-да сауым сүттің мөлшері 10% және одан артық мөлшерге ұлғайды, экзогенді өсу гормоны берілген голштин тұқымының сиырларында лактация кезеңіне байланысты ақуыз шығымы 14-18%-ға ұлғайды, голштин-фриз тұқымының дарақтарында ақуыздың мөлшері 11%-ға ұлғайды, ал джерсей тұқымды сиырларда 30%-ға ұлғайды [219-222]. Сүт ақуызы синтезінің ұлғаюы қойлар (7-12%) мен ешкілерде де (лактацияның ортасында 42% дейін) байқалды [223-225].

Авторлар Flint D.J. және Knight C.H. зерттеулерінің арқасында сүт безінің эпителий жасушаларының беткі қабатында соматотроп рецепторлары жоқ екені анықталды, яғни сүт безінің гормонына тікелей әсер етілмейді [226]. Экзогенді соматотроп қолдану бойынша эксперименттер жүргізілді, оны тағаммен бірге тұтынған кезде сүт безінің ынталандырылғаны байқалды, без жасушаларына гормонды енгізу сүт компоненттерінің синтезін және жасушалық пролиферацияны ынталандырған жоқ [196, б. 456; 227]. Алайда, соматомединді (IGF-1) сүт безіне және жасушалардың өсіндісіне тікелей енгізу сүт өнімділігінің жоғарылауына әкеп соқты және жасушалық пролиферацияны белсендірді [228-230].

IGF-I синтезі мен секрециясы өсу гормонымен анағұрлым жоғары дәрежеде реттеледі [231-233]. Экзогенді соматотроптық қолдану лактацияланатын сиырларда қаны мен сүтінде IGF-I концентрациясын арттырады [234]. Сондай-ақ IGF-I сүт безінің ұлпасында және жасушалардың өсіндісінде ДНҚ синтезін ынталандырады, осылайша жасушалардың пролиферациясына және ұлпаның өсуіне әсер етеді.

Инсулинге ұқсас өсу факторы (IGF-I, соматомедин) – ақуыздық гормон, ол инсулинмен бірлесіп, өсуді, дамуды және лактацияны реттейді, соматотроптық гормонның атқарымдарын ынталандырады.

Ірі қара малда IGF-1 гені 5 хромосомада орналасқан (NC_037332.1), 6 экзоннан тұрады және 80 мың ж.н. төмен құрайды (Gene ID: 281239) [235, 236].

Ұлпа-ағза деңгейінде IGF-I сүйек тінінің өсуін, бұлшықеттердің дамуын ынталандырады, бүйректердің атқарымдарын, лактация үдерісін, жыныс гормондарының синтезін, оогенез бен сперматогенезді, сондай-ақ жүйке жүйесінің дамуы мен регенерациясын реттейді [237-239].

Осы геннің ең көп зерттелген нуклеотидтік полиморфизмі болып 3 және 4 экзондардың (rs29012855) арасында орналасқан геннің промоторлық аймағындағы *IGF-1*/Sna BI табылады [240]. Осы SNP-ң сүт өнімділігімен корреляциясын бағалаумен байланысты зерттеулер жеткілікті [241-246]. Құрамында T нуклеотиді бар аллель *bIGF-1*-SnaBI^A деп белгіленді, ал құрамында C нуклеотиді бар *bIGF-1* генінің нұсқасы *bIGF-1*-SnaBI^B деп белгіленді [247]. Осы полиморфизмнің сүт өнімділігінің белгілерімен ассоциациясын зерттеуге арналған жұмыстарда көрсетілгендей, *bIGF-1*-SnaBI^{AB} және *bIGF-1*-SnaBI^{BB} генотипі бар сиырлармен салыстырғанда *bIGF-1*-SnaBI^{AA} генотипі бар сиырлардың сүт өнімділігі жоғарырақ. Мұндай сиырлар туған кезде салмағы анағұрлым жоғары бұзауларды бұзаулады [247, б. 61]. Голштин-фриз тұқымды польшалық популяцияны зерттеген кезде *bIGF-1*-SnaBI^{AB} генотипі бар сиырлар *bIGF-1*-SnaBI^{AA} және *bIGF-1*-SnaBI^{BB} генотиптері бар сиырлармен салыстырғанда сүт майы мен ақуыздың анағұрлым жоғары өнімділігімен сипатталады [242, б. 234].

Голштин тұқымы сиырларының ирандық популяциясын зерттеген кезде дәл осындай нәтижелер алынды [243, б. 1732].

Szewczuk M. және авторластар басқа полиморфизмнің сүт өнімділігімен айтарлықтай байланысын ($p < 0,05$) – *IGF-1/TasI* анықтады, CC генотипі бар сиырлар AA генотипі бар сиырлармен салыстырғанда 2-ші және 3-ші лактацияда сауым сүтінің көп мөлшерімен, май мен ақуыздың шығымымен өзгешеленді [248]. Mullen M. P. жетекшілік ететін авторлар ұжымы голштин-фриз тұқымды сиырларда сүт өнімділігімен байланысты *IGF-1* және *GH* гендерінде барлығы 16 SNP анықтады [249].

Жоғарыда баяндалғанға сүйене отырып, ірі қара малдың өнімділік деңгейі мен сүтінің сапасын болжау үшін мойындалған кандидат-ген *IGF-1* болып табылады, қара ала және голштин тұқымды сиырлардың отандық популяциясында *IGF-1/SnaBI* полиморфизміне скрининг жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, мастит мәселесі айтарлықтай маңызды деп айтуға болады және бүкіл әлемдегі зерттеушілер белсенді түрде зерттеуде, алайда, барынша күш салуға қарамастан, аурудың деңгейі айтарлықтай жоғары болып қалуда, бұл сүттің және сүт өнімінің сапасына әсер етеді, маститпен күресу кезінде антибиотиктерді пайдалану мәселесі өте күрделі.

Осыған сүйене отырып, жануарлар ағзасының патогендерге төзімділігін арттыру мәселелерін жан-жақты зерттеуге көп күш салу қажет.

Аталған лактоферрин, лектин, маннозаны байланыстыратын гендер және соматотроптық гормоналдық кешеннің гендері сүт өнімінің сапасына және туа біткен иммунитет жүйесінің жұмысына айтарлықтай әсер етеді. Белгіленген полиморфизмдер сиырлардың маститке генетикалық төзімділігін жасқарту, сүттің сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту аясында Қазақстан Республикасында өсірілетін ірі қара малдың тұқымдарында кешенді зерттеуді талап етеді.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ


2.1 Алынған нәтижелерді талдау және өңдеу әдістері

Монографияның мақсатына жету үшін және қойылған тапсырмаларды шешу үшін физикалық-химиялық, микробиологиялық және молекулалық-генетикалық әдістерді пайдалана отырып, ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Зерттеулер Қостанай облысының екі сүт-тауарлық фермаларында: Федеров ауданының Қоржынқол ауылдық округының Лесное ауылында орналасқан «Бек+» ЖШС-де және Меңдықара ауданының Михайлов ауылдық округының Архиповка ауылында орналасқан «Заря» АҚ-да орындалды. «Бек+» ЖШС-де зерттеулер жүргізу үшін голштин тұқымының 189 ІҚМ басы, ал «Заря» АҚ-да қара ала тұқымды 181 ІҚМ басы іріктеп алынды. Мұндай іріктеу клиникалық маститтің белгілері бар сиырлардың алынуына жол бермейді.

Зерттеулер жүргізілген кезеңде барлық жануарлар үшін бір шаруашылықтың шегінде бірдей күтім жасау жағдайы жасалды. «Заря» АҚ-да мал қолда және жайылымда бағылады, сиырларды сүттүтікке сауу технологиясы қолданылады. «Бек+» ЖШС-де малды бокста байламай ұсталады, сиырлар «Карусель» роторлық типті залда сауылады. Малды қоректендірген кезде өзіндік өндірістегі жемшөп пайдаланылды, нормалары жануарлардың физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып есептелді. Аталған шаруашылықтар өсірілетін мал тұқымдары бойынша Қазақстан Республикасының жетекші шарушалықтарының қатарына кіреді.

Ғылыми зерттеулерді жүргізудің ортақ схемасы 3-суретте көрсетілді.



3-сурет. Зерттеу дизайны

Зерттеулерді жүргізуге арналған материал ретінде сүттің сынамалары, қан және шаштың түйіндері пайдаланылды.



а – қара ала тұқымды ірі қара мал; б – голштин тұқымды ірі қара мал; в – іріктеп алынған биоматериалдың тізімдемесі құрастырылды; г – қанның үлгілері; д – құлақ биркаларын оқып алу; е – «Карусель» типті сауу құрылғысы

4-сурет. Биоматериалдың сынамаларын іріктеп алу

Сүт сынамаларын іріктеу ГОСТ 13928-84 «Сүт және дайындалатын кілегей. Қабылдау ережелері, үлгі алу әдістері және оларды талдауға дайындау» сәйкес жүргізілді, сүтті зоотехникалық бақылау құрылғысы (ММ-04Б) пайдаланылды. Сиырлардың сүт өнімділігінің деңгейі туралы деректер фермаларда сүтті дербес есептеуіштердің көмегімен алынды.

Молекулалық-генетикалық зерттеулерді жүргізу үшін қан алуға ішінде антикоагулянт бар сынауықтарға құюға арналған бір рет пайдаланылатын кешеннің көмегімен мойындырық көктамырынан немесе құйрық тамырынан қан алынды. Қанмен бірге жануардың құйрығынан

20-30 мөлшерінде қыл түйіндері алынды (4-сурет). Биоматериалды іріктеп алу, тасымалдау және талдауға дайындау әзірленген өлшеу әдістемесіне сәйкес жүргізілді [250].

Сүтті зерттеу

Зерттеу кезеңінде барлығы 1664 сүт сынамасы зерттелді. Соның ішінде голштин тұқымды сиырлардан 850 сүт сынамасы және қара ала тұқымды сиырлардан 814 сүт сынамасы алынды. Сүттің сапа құрамы А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ зертханасында MilkoScan және EcoMilk талдағыштарында анықталды. Сүттің сапасы физикалық-химиялық 8 көрсеткішті құрады, олар: соматикалық жасушалар саны, май мен протеиннің, ҚМСҚ, лактозаның, казеиннің мөлшері, тығыздық және қышқылдық көрсеткіштері.

Сүттің химиялық құрамын анықтау үшін сүт пен соматикалық жасушаларды MilkoScan FT-1 («Foss», Дания), Ekomilk AMB-1-03 («Bulteh 2000», Болгария) талдағыштары пайдаланылды.

Сиыр сүтінің субклиникалық нысаны «Соматос-Мини» аспабын пайдалана отырып, мастоприммен маститтік тесттердің көмегімен сүт безінің сөлін зерттеу арқылы, сондай-ақ маститтің негізгі қоздырғыштарын анықтау үшін алынған сынамаларды бактериологиялық зерттеулерді жүргізу арқылы анықталды.

Соматикалық жасушалардың мөлшерін есептеген кезде «Мастоприм» препаратының су ерітіндісі (ГОСТ 23455–79, ГОСТ 23453-2014) 100 мл дистильденген суға 35 г препарат есебінен дайындалды.

Бактериологиялық зерттеулер

Мастит қоздырғыштарын анықтау және сәйкестендіру зерттеулері маститті диагностикалау үшін сиырлар желінің сөлі мен сүтін микробиологиялық зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді (1994) [251].

Басқа стафилококктарға қарағанда *S. Aureus* маститінің қоздырғышы вируленттік қасиеттері көп, тұраралық әртараптандыру мақсатында зерханалық диагностика кезінде анықталады.

Қан плазмасының коагуляциялау қабілеті *S. Aureus* маститінің түр белгісі болып табылады, ол бойынша барлық стафилококктар коагулоза оң және коагулоза теріс болып бөлінеді.

Стафилококктарға тиесілігін растау үшін зерттеулер жүргізген кезде өскен микроағзалар Грам бойынша боялды (грам оң стафилококктар), сондай-ақ ұй қоянының қан плазмасын коагуляциялау қабілеті анықталды.

Одан әрі сүттің әр сынамасы ішіне тұзды сорпа құйылған сынауыққа себілді, одан әрі 12-36 сағаттан кейін өскен колонналар CHROMagar Mastitis маститінің қоздырғыштары үшін сарыуызды-тұзды агар (СТА) салынған шыныаяққа қайта отырғызылды. Себу нәтижелері сарыуызды-тұзды

агардың беткі қабатында түзілген колониялардың сипаты бойынша визуалды түрде бағаланды.

СТА-да өскен кезде коагулаза оң стафилококктар лецитиназа белсенділігі аймақтары бар сары немесе кілегей түсті бұлтты дөңгелек колониялар құрайды. Лецитиназдық белсенділігін «түйіншіктердің» айналасындағы құбылмалы күлте көрсетеді.

S. aureus изоляттары гемолизге тән аймаққа жасаған гемолитикалық қасиеттерді зерттеу мақсатында қан агарына себілді [252-254].

Стафилококктардың патогендігін анықтаған кезде жоғарыда көрсетілген қасиеттерден басқа ДНҚалық белсенділікті тестіледі. Зерттелетін өсіндінің ДНҚ-қ белсенділігін анықтау үшін DNase Test Agar (Madrid) екті. Бұл үшін бір шыныаяққа кең ұзын штрихпен 4-5 үлгі себілді және 37°C температурасында инкубациялады. Инкубациядан кейін колонияға сұйытылған тұз қышқылының тамшысын қосты, ол қатысқан кезде, оң реакция болған жағдайда штрихтің айналасында мөлдір аймақ қалыптасты.

Зерттелетін өсіндінің желатиндік белсенділігін анықтау үшін қатып қалған қоректік желатинге екпемен екті. Оң реакция кезінде екінші тәулікте желатин сұйытылды.

Стафилококктар штаммдарының түрлік сәйкестендіру СТАФИтест 24 (ERBA Lachema, Чехия) жиынтығын пайдалану арқылы жүргізілді.

Streptococcus agalactiae колониялардың морфологиялық және биохимиялық сипаттамаларды зерттей отырып, сондай-ақ Грам (стрептококктар аса ұзын емес тізбектермен орналасқан шар тәрізді грам оң жасушалар тәрізді анықталды) бойынша боялған жағындылардың микроскопиясын жүргізу арқылы сәйкестендірілді. *Str. agalactiae* колонияларының басқа микроағзалармен ұқсастығын ескере отырып, хромогендік сәйкестендіру орталарында селективті агарларды құрамдастырумен расталды: ІҚМ сиырының сарысуы қосылған МПБ, CHROMagar Mastitis, CHROMagar Step B-S, (CHROMagar, Франция). Петри шыныаяқтары 35-37°C температурасында және 18-24 сағат ішінде көмірқышқыл газының жоғары концентрациясы кезінде (5%) инкубацияланды. Пайдаланылатын қоректік ортаға байланысты колониялардың сипаттамалары атап өтілді: тегіс, қан агарында гемолиз аймағы бар ұсақ колониялар, қызғылтым-ақшыл көк CHROMagar, МПБ-де тұнба түзілетін қарқынды лайлану. Қан агарындағы гемолиз стрептококктардың вируленттілікті куәландырды. Стрептококктарды сәйкестендірудің қажетті шарты болып ферментативтік белсенділікті (глюкоза, лактоза, сахароза және т.б.) және CAMP-тестті (*Str. Agalactiae* болдырмайтын микроағзалардың екі түрлерінен қиылысу нүктесінде үдемелі гемолиздің сына тәрізді аймағы жоқ) жүргізуді анықтады.

Сұйық орталарда алынған өсімділердің *Escherichia coli* тиесілігін растау үшін ортаның лайлануы, газдың түзілуі және түсінің өзгеруі ескерілді, сондай-ақ Эндо ортасында қайта себілді. Инкубациядан кейін 24 сағат өткен соң 37°C кезінде металл жылтыры бар және бозарған-қызылт түстен қошқыл қызыл түске дейінгі боямасы бар колониялар түзілді, әртүрлі типті колониялар іріктеп алынды және Грам бойынша боямасы бар жағындылар дайындалды. Оксизаданың болуы қатарласып анықталды. Оксидаса теріс Г-өсімділер индолдың, күкіртсутектің, ацетоинның (Фогес-Проскауэр реакциясы) түзілуі тексерілді және көмірсулар ферменттелді.

Индол өсімдіні түзу мүмкіндігін анықтау үшін триптофан бар МПБ қайта септі, тығынның астына қымыздық қышқылының ерітіндісі сіңірілген сүзу қағазын салды және 37°C температурасында 24 сағат инкубациялады, қызыл дақтың түзілуі индол бар екенін білдіреді.

Фогес-Проскауэр реакциясын жүргізген кезде өсімді Кларк ортасында 37°C температурасында 48 сағат инкубацияланды, инкубациядан кейін 1 мл іріктелген ортаға 0,6 мл нафтол және 0,2 мл КОН ерітіндісі қосылды. Бір сағат ішінде қызғылт бояманың түзілуі ацетоинның бар екенін білдіреді. 1 мл іріктелген ортаға 5-10 тамшы Кларк реактивін қосқан жағдайда сұйықтықтың түсі қызыл түске өзгерген кезде және рН 5-тен (метил-рот оң реакциясы) төмендеген кезде қышқыл түзілетін көмірсулардың ферментациясының қарқындылығы анықталды.

Сорбиттің, глюкозаның және лактозаның ферментациясын анықтау. Алынған өсімді Гисс ортасына аталған көмірсулардың бірімен қайта себілді. Петри шыныаяқтары бір тәулік бойы 37°C температурада (лактозамен – 37°C) культивацияланды және ферментацияны белгіледі.

Клиглер ортасында күкіртсутектің түзілуі байқалды, бұл қоректік ортаның қараюымен дәлелденді [255, б. 31].

Молекулалық-генетикалық зерттеулер

Геномдық ДНҚ-н экстракциясы қаннан «Pure Link Genomic DNA Kits» («Thermo Scientific», АҚШ) жиынтығының көмегімен және қыл түйіндерінен «ДНҚ-Экстран-2» («Синтол», Ресей) коммерциялық жиынтығын пайдалана отырып жүргізілді. Жұмыс өндірушінің нұсқаулығына сәйкес жүргізілді. Аталған жиынтықтар жоғары сапалы ДНҚ-ны бөлу үшін пайдаланылды, A260/A280 арақатынасы 1,7-2,0 шегінде болды.

Бөлінген ДНҚ сапалы және мөлшерлік талдау Dynamica Halo DNAmaster («Dynamica Halo DNAmaster», Ұлыбритания) спектрофотометрінде тексерілді.

1-кесте. Зерттеу пайдаланылған олигонуклеотидтердің сипаттамалары және ПТР параметрлері

Праймердің атауы	Нуклеотидтік бірізділік	ПТР параметрлері	ПТР-өнімнің өлшемі, ж.н.
Маннозаны байланыстыратын лектин гені			
MBL1-f	5'-gtggtggcaaatgttggttaaас-3'	94°С 5 мин	255
MBL1-r	5'-tggctctcccttttctccctt-3'	94°С 30 сек 63°С 45 сек 35 цикл 72°С 45 сек 72°С 5 мин	
Лактоферрин гені			
LTF-f	5'-gcctcatgacaactccccacас-3'	94°С 5 мин	301
LTF-r	5'-caggttgacacatcggttgac-3''	94°С 30 сек 59°С 45 сек 35 цикл 72°С 45 сек 72°С 5 мин	
Өсу гормонының гені			
GH-f	5'-ccgtgtctatgagaagс-3'	95°С 10 мин	428
GH-r	5'-gttcttgagcagcgсgt-3'	94°С 30 сек 60°С 60 сек 40 цикл 72°С 30 сек 72°С 10 мин	
Инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гені			
IGF-1-r	5'- attacaaagctgcctgcccc -3'	95°С 5 мин	249
IGF-1-f	5'- accttaccсgtatgaaaggaata tacgt-3'	94°С 30 сек 62°С 30 сек 40 цикл 72°С 30 сек 72°С 10 мин	

Ескертпе – Дереккөз бойынша құрастырылды [144, б. 9; 242, б. 227; 256, 257]

Полимеразды тізбекті реакция 25 мкл көлемінде жүргізілді. ПТР қоспасы Intifisa реагенттерін («Алкор Био» компаниясы ЖШҚ, Ресей) пайдаланды, оның құрамы мынадай: құрамында KCL бар 10 × Тақ буфер, 2,5 мкл мөлшерінде енгізу; MgCl₂ 25 mM ерітіндісі – 2 мкл; дезоксинуклеозидтрифосфат қоспасы (dNTP әрқайсысының 2,5 mM) – 0,2 мкл; Тақ ДНҚ-полимераза (5 бірл./мкл) – 0,25 мкл; праймерлердің шоғырлануы («Applied Biosystems», АҚШ) реакциялық қоспаны дайындамас бұрын өлшеді және кесімді шоғырлануы 10 пМ/мкл мөлшерінде енгізді (праймерлердің нуклеотидтік құрамы 1-кестеде көрсетілді); жалпы көлемі ионсыздандырылған судың көмегімен 24 мкл дейін жеткізді; ДНҚ-материал – 1 мкл. Амплификация ProFlex PCR System («Applied Biosystems», АҚШ) үш блокты термоциклерінде жүргізілді.


MBL1 генінің ПТР-РФҰП

Амплификация 1-кестеде көрсетілген бағдарлама бойынша жүргізілді. ПТР-ге қойылған сынамалардың топтамасынан амплификат ретінде тексеру үшін 5-10 үлгі іріктеп алынды. Амплификаттың сапасы 1,5% агарозалық гельді (дайындау үшін UltraPure агарозасы пайдаланылды (Invitrogen, АҚШ) 10xTBE Electrophoresis buffer (Thermo Scientific, Литва) пайдалана отырып, көлденең электрофорездің көмегімен тексерілді, ДНҚ визуалдандыруға арналған реагент SYBR™ Safe DNA Gel Stain (Invitrogen, АҚШ), үлгілерді енгізген кезде 6X DNA Loading Dye жүктеу буфері (Invitrogen, АҚШ) және GeneRuler 100 bp DNA Ladder (Thermo Scientific, Литва) молекулалық масса маркері пайдаланылды.

MBL1 генін рестрикциялық талдау BsuRI (HaeIII) (10 бірл./мкл) (Thermo Scientific, Литва) рестрикциясының эндонуклеазын пайдалана отырып жүргізілді, бұл ретте мына құрамдағы қоспа дайындалды: нуклеазалық белсенділігі жоқ су – 2 мкл, 10X Buffer R – 2,5 мкл және 0,5 мкл мөлшеріндегі рестрикция ферменті. 5 мкл мөлшеріндегі алынған қоспа ПТР-өнімге енгізілді және түнге 37°C температурасына қалдырылды.

Рестрикция фрагменттері 2,5% агарозалық геледегі электрофорездің көмегімен бөлінді, генотиптерді анықтау үшін O'RangeRuler 50 bp DNA Ladder (Thermo Scientific, Литва) молекулалық масса маркерін қолданды. Амплификация кезінде өлшемі 255 нуклеотидтер жұбын құрайтын ПТР-өнім қалыптасты. Рестриктазалық HaeIII өңдеген кезде, g.2569T>C учаскесінде ауыстырған кезде GG↑CC рестрикция сайты түзіледі, нәтижесінде ПТР-өнім өлшемі 178 және 77 ж.н. құрайтын 2 фрагментке бөлінеді. Осыған негізделі отырып, мынадай генотиптер қалыптасады: TT генотипі – өлшемі 255 ж.н. бір фрагмент; CC генотипі – өлшемі 178 және

77 ж.н. екі фрагмент; ТС генотипі – өлшемі 255, 178 және 77 ж.н. үш фрагмент (5-сурет).



А – амплификат; М – ДНҚ-маркер 1000-50 ж.н.; 1, 2 – ТС генотипі (255, 178, 77 ж.н.); 3, 6 – СС генотипі (178, 77 ж.н.); 4, 5, 7 – ТТ генотипі (255 ж.н.)


5-сурет. Маннозаны байланыстыратын лектин гені (*MBL1*) фрагментінің амплификация және рестрикция өнімдерінің электрофореграммасы, *Hae*III рестриктазасымен өңдеу

LTF генінің ПТР-РФҰП

ПТР тиісті ген үшін 1-кестеде көрсетілген температуралық-уақыт режимінде жүргізілді. Амплификация нәтижесінде ұзындығы 301 ж.н. ПТР-өнім синтезделді, оған *Eco*RI рестриктазасы әсер еткен кезде аллельдің детекцияланатын аймағында Т нуклеотиді болған кезде ұзындығы 201 және 100 ж.н. екі фрагмент түзілетін Т/С алмастыру детекциясы болады.

ПТР-өнімінің *Eco*RI-рестрикциясынан кейін 2,5% агарозалық гельде мынадай фрагменттер бар:

ПТР-өнімінен кейін гельде мынадай фрагменттер визуалдандырылады: АА генотипі – 301 ж.н., ВВ генотипі – 201 және 100 ж.н., АВ генотипі – 301, 201 және 100 ж.н. (6-сурет).




А – амплификат; М – ДНК-маркер 1000-50 ж.н.; 1, 2, 3, 5, 7 – АА генотипі (301 ж.н.); 4, 6 – АВ генотипі (301, 201, 100 ж.н.)

6-сурет. Лактоферрин гені (*LTF*) фрагментінің амплификация және рестрикция фрагменттері өнімдерінің электрофореграммасы, *EcoRI* рестриктазасымен өңдеу

GH генінің ПТР-РФҰП

Өсу гормоны генінің полиморфизмін зерттеу үшін полимеразды тізбекті реакция әдісі пайдаланылды және одан әрі рестрикция ферментімен (*AluI*) өңделді, ода әрі көлденең электрофорездің көмегімен фрагменттер бөлінді. ПТР 1-кестеде көрсетілген праймерлер мен параметрлерді пайдалана отырып жүргізілді.

Генотиптеу жүргізілген кезде өлшемі 428 ж.н. фрагменті амплификацияланды, ол *AluI* рестриктазасымен мынадай фрагменттерге бөлінді: VV генотипі – 265, 147 ж.н. екі фрагмент, LL генотипі – 265, 96, 51 ж.н. және LV генотипі – ұзындығы 265, 147, 96, 51 ж.н. төрт фрагмент (7-сурет).




М – ДНК-маркер 300-20 ж.н.; А – амплификат; 1 – VV генотипі (265, 147 ж.н.); 2, 3, 5, 6 – LL генотипі (265, 96, 51 ж.н.); 4 – LV генотипі (265, 147, 96, 51 ж.н.)

7-сурет. Өсу гормонының гені (GH) фрагментінің амплификация және рестрикция өнімдерінің электрофореграммасы, *AluI* рестриктазасымен өңдеу

Ескертпе – Дереккөздер бойынша құрастырылды [258, 259]

***IGF-1* генінің ПТР-РФҰП**

ПТР қою үшін мынадай бағдарлама пайдаланылды: 95°C – 5 мин; (95°C – 30 сек; 62°C – 30 сек; 72°C – 30 сек) 40 цикл; 72°C – 10 мин. Бұл ретте өлшемі 249 ж.н. фрагмент амплификацияланды. Т→С трансверсиясын сәйкестендіру үшін *SnaBI* рестрикция ферменті пайдаланылды, тексерістен кейін амплификатқа рестриказа енгізілді және 37°C температурасына түнге қалдырылды. Ферменттерді өндегеннен кейін фрагменттер қалыптасты, олар бойынша жануардың генотипі анықталды: ВВ генотипі – өлшемі 249 ж.н. бір фрагмент, АА – өлшемі 223 және 26 ж.н. екі фрагмент, АВ – өлшемі 249, 223 және 26 ж.н. үш фрагмент. Өлшемі 26 ж.н. фрагмент агарозалық электрофорездің көмегімен визуалданбайды (8-сурет).



М – ДНҚ-маркер 300-20 ж.н.; А – амплификат; 1, 4, 7 – ВВ генотипі (249 ж.н.); 2, 5, 6, 8, 9 – АВ генотипі (249, 223 ж.н.); 3, 6 – АА – (223 ж.н.)

8-сурет. Өсу гормонының гені (*IGF-1*) фрагментінің амплификация және рестрикция өнімдерінің электрофореграммасы, *Sna*ВІ рестриктазасымен өңдеу

Ескертпе – Дереккөз бойынша құрастырылды [258, б. 65; 259, б. 61]

Алынған барлық генотиптер ортақ деректер базасына енгізілді. Осы базада генотиптермен қатар жануарлардың дербес нөмірлері, сынаманың зертханада берілген нөмірі, сүттің сапасы туралы деректер (сүттегі майдың, ақуыздың және т.б. мөлшері), 305 лактация күні ішіндегі сауым сүт, соматикалық жасушалар саны және бактериологиялық талдау нәтижелері көрсетіледі (А, Б қосымшалары).

Сиырларды жоғары және төмен өнімді топтарға бөлу әр шаруашылық үшін өнімділіктің орташа деңгейіне сәйкес жүргізілді: қара ала тұқым үшін – 305 лактация күні ішінде 3000 кг сауым сүт; голштин тұқымы үшін – 305 лактация күні ішінде 6000 кг сауым сүт.

Жиналған деректер орташа арифметикалық мәнді (М) және орташа арифметикалық қателер (m) есептей отырып, статистикалық әдіспен өңделді, нәтижелердің мағыналық деңгейі (p) «Microsoft Excel» және «Statistica 6.0» бағдарламаларын пайдалана отырып, бір факторлық дисперсиялық талдау әдісімен анықталды.

Генотиптердің жиілігі тікелей есептеу арқылы анықталды. Аллельдердің салыстырмалы жиіліктерін анықтау үшін формула (1) пайдаланылды:

$$Q_{(A)} = (2N_1 + N_2) / 2n \quad (1)$$

мұндағы N_1 – зерттелетін аллель бойынша гомозиготалардың саны;

N_2 – гетерозиготалардың саны;

n – іріктеменің көлемі [260, 261].

Аллельдердің салыстырмалы жиілігінің статистикалық қатесін формуланы (2) пайдалана отырып есептеу:

$$S_Q = \sqrt{(Q(1-Q)/2n)} \quad (2)$$

мұндағы Q – зерттелетін аллельдің салыстырмалы жиілігі;
 n – іріктеменің көлемі [262, 263].

Генотиптердің нақты бөлінуі теориялық бөлінуі сәйкестігі Харди-Вайнберг заңы бойынша бағаланды [264].

2.2 Голштин және қара ала тұқымды сиырлар сүтінің сапасының ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері және сүт өнімділігінің деңгейі

Сүттің ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері жануардың жасы, тұқымы, азықтандыру және күтім жасау шарттары, жыл мезгілі, лактация фазасы және ағзаның физиологиялық күйі сияқты көптеген факторларға тәуелді. Осы факторлардың кез-келгені сүттің көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді. Көрсеткіштердің өзгеруі жануарлардың болуы туралы белгі беруі мүмкін, бұл сүт пен сүт өнімінің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сүт сапасының көрсеткіштері ГОСТ 31449-2013 «Шикі сиыр сүті. Техникалық шарттар» мемлекетаралық стандартының және «Сүт және сүт өнімінің қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 033/2013) кеден одағының техникалық регламентінің негізінде бақыланады.

Бірінші кезекте сүттің органолептикалық көрсеткіштері, атап айтсақ, түсі, консистенциясы, дәмі мен иісі бағаланады. ГОСТ сәйкес сүттің түсі ақ үстен ақшыл сарғыш түске дейін болуы тиіс, консистенциясы біртектілігі бойынша және тұнбаның болуы бойынша бағаланады, иісі мен дәмі таза және бөгде қоспаларсыз болуы тиіс. Сүт сараптамасының келесі кезеңі болып физикалық-химиялық және микробиологиялық параметрлерді бағалау табылады, аталған нормативтік құжатта мынадай көрсеткіштер регламенттеледі: сүттің майлылығы, ақуызы және құрғақ майсыздандырылған заттарының салмақтық үлесі, титрленетін қышқылдығы, тығыздығы, қату температурасы, жиілік тобы, соматикалық жасушалардың мөлшері, сондай-ақ сүттің бактериялық тұқымдануы.

Біздің зерттеулерімізде сүттің барлық өңделген үлгілері органолептикалық көрсеткіштері бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келді [265, 266]. Голштин тұқымды сиырлардан алынған сүттегі майдың салмақтық үлесі 2,02%-дан 6,12%-ға дейін болды, орташа көрсеткіші $3,21 \pm 0,03\%$ -ды құрады, қара ала тұқымды сиырлардан алынған сүтте 2,73%-дан 7,1%-ға дейін, орташа көрсеткіші – $3,85 \pm 0,04\%$ (2-кесте). ГОСТ бойынша бұл көрсеткіш 2,8%-дан кем болмауы тиіс [265, б.

5; 266, б. 74], алайда нормативтік құжаттардағы мәндер құрама сүттің көрсеткіштеріне негізделеді.

Сүттің майлылығы сүттің тағамдық құндылығын белгілейтін сүт сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сүттегі майдың салмақтық үлесінің мәні факторлардың екі тобымен: эндогендік және экзогендік топтармен анықталады. Экзогендік топқа барлық сыртқы факторлар кіреді, оларды жануарларға күтім жасау үдерісінде адам реттейді, олардың бірі ретінде рационның теңгерімділігі есептеледі. Факторлардың екінші тобына «генетикалық» факторлар кіреді, олар: жануарлардың тұқымы, жасы, лактация кезеңі және ағзаның дербес ерекшеліктері, бұл көптеген себептермен, ДНҚ бірізділігіндегі нуклеотидтік алмасулардың комбинациясымен шартталады.

2-кесте. Қостанай облысында өсірілетін голштин және қара ала тұқымының сиырлар сүтінің сапа көрсеткіштері

Көрсеткіш	Көрсеткіштің мәні		
	Голштин тұқымы ($X \pm m_x$)	Қара ала тұқым ($X \pm m_x$)	ГОСТ сәйкес*
Майдың салмақтық үлесі, %	3,21±0,03	3,85±0,04	≥ 2,8
Ақуыздың салмақтық үлесі, %	3,25±0,02	3,05±0,01	≥ 2,8
Сүттің құрғақ майсыздандырылған заттарының салмақтық үлесі (ҚМСҚ), %	10,23±0,12	9,01±0,03	≥ 8,2
Қышқылдығы, °Т	16,74±0,05	18,85±0,1	16,0-21,0
Тығыздығы, кг/м³	1028,6±0,21	1032,8±0,16	≥ 1027,0
Қату нүктесі, °С	-0,52±0,001	-0,58±0,002	≤ 0,52
Лактоза, %	4,63±0,01	4,63±0,04	-
Казеин, %	2,49±0,009	2,98±0,02	-
Соматикалық жасушалардың мөлшері, 1 см³-де мың	217,79±5,72	406,38±15,28	≤ 750

* – Дереккөздер бойынша құрастырылды [265, б. 5; 267]

Сүттің майлылығымен қатар, анағұрлым маңызды көрсеткіштердің бірі болып ақуыздың пайыздық мөлшері табылады. Кестеден көрініп тұрғандай, ақуыздың салмақтық үлесінің мәні 2,8%-дан төмендеген жоқ және орташа есеппен голштин тұқымының сиырлары үшін 3,22±0,02% және қара ала тұқымының сиырлары үшін 3,19±0,01% құрады (2-кесте). Екі

топтағы құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы 8,0%-дан 11,86% дейінгі шекте болды. Титрленетін қышқылдық голштин тұқымының сиырларының тобында 16⁰T-ден 18⁰T дейін және қара ала тұқымының сиырларының тобында 16⁰T-ден 21⁰T дейін болды. Сүттің тығыздығы физиологиялық норманың шегінде болды және 1026 кг/м³-ден 1035 кг/м³ дейін болды. Сүттің кату температурасы -0,51°C-ден -0,62°C дейінгі диапазонда болды. Сүт және сүт өнімдерінің сапасы мен қоректік құндылығын белгілейтін ферменттеу үдерістеріне қатысатын лактоза мен казеин де ұйғарынды шектерде болады (2-кесте).

«ЕсоMilk» талдағышының көмегімен сүт тығындарындағы соматикалық жасушалар саны анықталды. Бұл көрсеткіш нормативтік құжаттармен қатаң регламенттеледі және оларға сәйкес, 1 см³ құрама сүтте 750 мыңнан аспауы тиіс [265, б. 5; 266, б. 112].

Бұрын соматикалық жасушалар саны сүттің сұрыптылығын белгілейтін фактор болып табылады, сонымен екінші сұрыпты сүт үшін максималды мәні 1 см³-ден 750 мыңмен шектелді, бірінші сұрыпты сүт үшін 1 см³-де 400 мың және жоғары сұрыпты сүт үшін 1 см³-де 250 мыңнан аспайды [268]. Кеден одағының техникалық регламентін (2014) қабылдау арқылы бұл талаптар жоғалды, алайда құрама сүтте осы көрсеткіштің мәні 1 см³-де 500 мыңнан асқан кезде сынамадағы маститтік сүттің қалдығы туралы айтуға болады (ортақ мөлшерден 6% дейін) [48, б. 6; 269]. Сәйкесінше, 1 см³-де 750 мың ұйғарынды мәні кезінде маститтік сүттің қалдығы құрама сүтте айтарлықтай жоғары болады. Салыстыру үшін, Еуропалық одақтың талаптарын келтіруге болады, осы талаптарға сәйкес соматикалық жасушалардың максималды саны 1 см³-де 400 мыңмен шектеледі [270]. Сүттегі соматикалық жасушалар санына әсер ететін көптеген мөлшері бар, бірақ олардың негізгілері 1 см³-де 500 мыңнан артық болған кезде субклиникалық мастит болады. Бұл ретте маститті тудыратын патогендер, сондай-ақ осы патогендерден туындайтын токсиндер де сүтке түсуі мүмкін. Осындай өнімді тағам ретінде тұтынудың әсіресе балалар үшін белгілі тәуекел бар [271, 272].

Біздің зерттеулерімізде қара ала тұқымының жануарларының арасында соматикалық жасушалар санының көрсеткіші 1 см³-де 406,38±15,28 мыңды құрайды және голштин тұқымының дарақтарының арасында 1 см³-де 217,79±5,72 мың (2-кесте).

2-кестеде келтірілген деректерге негізделе отырып, зерттелген сынамалар сүт пен сүт өнімінің сапасын регламенттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады [265, б. 5; 266, б. 74].

Сүтті, сондай-ақ май мен ақуыздың майлы үлестерінің көрсеткіштерінің көмегімен жануарлардың сүт өнімділігі бағаланды (3-кесте).

3-кесте. Қостанай облысында өсірілетін голштин және қара ала тұқымдарының сиырларының сүт өнімділігінің деңгейі

Жануарлар -дың тұқымы	Өнімділік деңгейі	Жануар- лардың саны	305 лактация күні ішіндегі орташа сауым сүт, кг		Сүттегі май мөлшері- нің орташа мәні, %	Сүттегі ақуыз мөлшері- нің орташа мәні, %
			жалпы	өнімділік деңгейі бойынша		
Голштин тұқымы	жоғары өнімді	138	6886,8± 169,3	7920,6±138,1	3,1±0,04	3,25±0,02
	төмен өнімді	51		4089,7±208,7	3,5±0,04	3,28±0,04
Қара ала тұқымы	жоғары өнімді	120	3108,1± 60,0	3 530,8±48,2	3,91±0,05	3,04±0,01
	төмен өнімді	61		2 276,7±75,1	3,74±0,05	3,06±0,02

3-кестеде көрініп тұрғандай, сүт өнімділігінің деңгейі екі шаруашылықта айтарлықтай айрықшаланады. Сондықтан жоғары өнімді және төмен өнімді топтарға бөлу үшін шаруашылықтың ішінде сауым сүттің орташа деңгейлері пайдаланылды. Қара ала тұқым үшін мұндай көрсеткіш 305 лактация күні ішінде 3000 кг сүт деңгейінде болды, ал голштин тұқымы үшін – 305 лактация күні ішінде 6000 кг. Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымдық құндылығын сұрыптау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес голштин және қара ала тұқымды малдар үшін стандарттар белгіленді, оларда екі тұқымның арасындағы сауым сүттің маңызды айырмашылықтары қадағаланды [273]. Стандарт бойынша қара ала тұқымның бірінші 305 лактация күні ішінде 2500 кг құрады, екінші лактацияда – 3 050 кг, үшінші және одан артық лактацияда – 3 400 кг. Стандарт бойынша голштин тұқымының бірінші 305 лактация күні ішінде 4 200 кг құрауы тиіс, екінші лактацияда – 4 600 кг, үшінші және одан артық лактацияда – 5 000 кг. Осылайша, екі популяцияның арасындағы сауым сүтінің айтарлықтай айырмашылығы болып жануарлардың тұқымдық ерекшелігі табылады.

Голштин тұқымды жоғары және төмен өнімді жануарлардың топтарының арасында 305 лактация күні ішіндегі орташа сауым сүті 3 830,9 кг-ға өзгешеленді, ал қара ала сиырларының тобы арасында 1 254,1 кг сүтті құрады. Голштин тобының жануарлардың тобында майдың орташа мөлшері төмен өнімді жануарлардың арасында жоғарырақ болды және 3,5±0,04% құрады.

Қара ала тұқымының жануарлары арасында майдың орташа мөлшері жоғары өнімді жануарларда жоғарырақ. Ақуыздың орташа мөлшері бірдей

деңгейде болды, жоғары және төмен өнімді жануарлардың топтары арасында айтарлықтай өзгешеліктер болған жоқ.

Біздің жұмысымызда, деректерді өңдеген кезде жануарлар соматикалық жасушалар саны (СЖС) бойынша 1 см³-де 500 мыңнан артық және 1 см³-де 500 мыңнан кем топтарға бөлінді. Зерттеулер жүргізген кезеңде микробиологиялық талдауды жүргізу үшін және СЖС анықтау үшін әр сиырдан кем дегенде төрт сүт сынамасы алынды, сынамалардың жалпы саны 1 664 құрады. 4-кестеде жануарлардың саны көрсетілді, олардың кем дегенде біреуінде СЖС 1 см³-де 500 мыңнан асатын СЖС-тен асты (4-кесте).

4-кесте. Сүттің соматикалық жасушалар санын талдау нәтижелері

Өнімділік деңгейі	Жоғары өнімді		Төмен өнімді	
СЖС	1 см ³ -ге шаққанда 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққанда 500 мыңнан кем	1 см ³ -ге шаққанда 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққанда 500 мыңнан кем
Тұқым	Голштин тұқымы			
Жануарлардың саны (жалпы санынан %)	15 (10,9%)	123 (89,1%)	7 (13,7%)	44 (86,3%)
Соматикалық жасушалардың мөлшері, 1 см ³ -де мың, X ± m _x	218,09±9,3		220,2±17,5	
	529,13±0,8	180,15±0,3	530,71±3,2	170,79±1,2
Тұқым	Қара ала тұқым			
Жануарлардың саны (жалпы санынан %)	21 (17,5%)	99 (82,5%)	13 (21,3%)	48 (78,7%)
Соматикалық жасушалардың саны, 1 см ³ -де мың, X ± m _x	390,92±18,2		407,44±39,5	
	787,71±27,5	306,75±6,5	725,31±22,5	321,35±12,9

4-кестеде көрсетілген деректерге сүйене отырып, СЖС мәні 1 см³-ге шаққанда 500 мыңнан артық жануарлардың жалпы саны 56 құрады. Екі топтарда соматикалық жасушалардың жоғары көрсеткіштерінің үлкен пайызы төмен өнімді жануарлардың арасында болады. Жоғары өнімді жануарлар тобында голштин тұқымының сиырларының 10,9%-да соматикалық жасушалардың деңгейі 1 мл шаққанда 500 мыңнан артық болды, соның ішінде төмен өнімді жануарлардың арасында мұндай

жануарлар 13,7% құрады. Қара ала тұқымының сиырлары арасында соматикалық жасушалардың көрсеткіштері жоғары жануарлардың деңгейі айтарлықтай жоғары болды, атап айтсақ, жоғары өнімді жануарлардың арасында 17,5% және төмен өнімді жануарлардың арасында 21,3% құрады. Бөлінген топтар бойынша соматикалық жасушалардың орташа мәндері 4-кестеде көрсетілді. Алайда бұл деректер субклиникалық маститті анықтау фактіні білдірмейді, себебі бактериологиялық талдауды жүргізу қажет.

Осылайша, сүт сынамаларының сапасы органолептикалық, физикалық-химиялық көрсеткіштері мен соматикалық жасушалардың саны бойынша талданды, зерттелген барлық үлгілер нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келді [265, б. 5; 266, б. 74]. Сондай-ақ біз зерттелетін іріктемедегі жануарлардың сүт өнімділігінің деңгейі бағаланды, жоғары және төмен өнімді дарактардың топтары анықталды.

2.3 Сиыр сүті үлгілеріндегі патогендік микрофлораның түр құрамы және арақатынасы

Мастит туындауының негізгі себебі болып микроағзалар табылады, сондықтан маститтің диагностикасы кезінде сүттің бактериялық тұқымдануын бағалау қажет. Сиырлар маститпен ауырған кезде стрептококктар, стафилококктар, энтерококктар айтарлықтай жиі бөлінеді. Контагиоздық, жоғары патогенді *Streptococcus agalactiae* және *Staphylococcus aureus* этиологиялық мәні бар, олар ауыр дәрежедегі маститті тудырады және соматикалық жасушалардың көрсеткіші жоғары болған кезде созылмалы қабынуды өршітеді, бұл сүтті тұтыну үшін жарамсыз етеді.

Сүттің бактериялық құрамы өте күрделі және онда микроағзалар (лактококктар, лейконостоктар, лактобактериялар, энтерококктар, микрококктар, коринебактериялар және т.б.) әрдайым болады. Сүт безіндегі сүт стерильді және сүтті асептикалық алған кезде онда микроағзалар табылмайды деген пікір бар. Бұрын бұл микроағзаларды сәйкестендіруге қатысты алтын стандарт болып бактериологиялық әдістер табылады. Алайда, классикалық әдіс әрдайым тиімді емес және нәтижені алудағы ұзақтық, кейбір микроағзаларды культивациялаудың мүмкін еместігі сияқты кейбір шектеулері бар [274]. Әдеби деректерге сәйкес, желіннің ширегінен алынған сүт сынамаларының 20-30%-да клиникалық мастит кезінде 48 сағаттан кейін де бактериялық өсінділердің өскені анықталған жоқ [275]. Мұндай зерттеулер көптеген елдерде жүргізіледі, мысалы, АҚШ-та бұл көрсеткіш 27,2% [276], Ұлыбританияда 26,5% [277] және Финляндияда 23,7-27,1% деңгейінде болды [278, 279]. Осының барлығы микроағзаларды сәйкестендірудің молекулалық-генетикалық әдістерін дамытуды ынталандырды, олардың арқасында сау сиырлардан стерильді түрде алынған сүттің өзінде

микроағзалардың көп мөлшері анықталды. Сау жануарларда анықталған пиросеквенирленген микроағзалардың арасында маститтің қоздырғыштары болып есептелетін микроағзалар да анықталды: *Halomonas*, *Ruminococcus*, *Listeria*, *Klebsiella*, *Escherichia*, *Acinetobacter*, *Streptococcus* және басқалары [274, б. 12; 280]. Адамдарға жүргізілген зерттеулерде де ұқсас нәтижелер алынды [281]. Осындай зерттеулердің басты оң жақтарының бірі болып сиырлардың желініндегі бактериялық ассоциацияларды бағалау және профилактикалық-емдеу шаралардың тиімді әдістерін іріктеу табылады. Мұндай талдаулар бактериологиялық зерттеулермен қатар жүргізілді, әдетте себу арқылы сәйкестендірілген маститті қоздырғыш пиросеквенирлеудің көмегімен анықталған микроағзалардың арасында анағұрлым көп таралды, ал кейбір жағдайларда жалғыз болады [274, б. 9]. Осылайша, бактериялық өсінділерді классикалық талдау мастит қоздырғыштарын сәйкестендірудің бұрынғысынша тиімді әдісі болып табылады, дәлдігі бойынша пиросеквенирлеу әдісінен кем болады, бірақ талдаудың құны бойынша ұтады.

Біз осы жұмыстың аясында іріктеп алған әр сынама микробиологиялық талданды (1 664 сынама). Патогендік қоздырғыштар бөлінбеген сынамалар теріс болып бағаланды. Нәтижесінде, 1 291 сүт сынамасында (77,6%) теріс болды, ал 373 сынамадан (22,4%) микроағзалар – мастит қоздырғыштары бөлініп шығарылды.

Патогенді микрофлораның талдау көрсеткендей, 373 сүт сынамасынан 589 микроағзаның өсінділері оқшауланды, соның ішінде *Streptococcus spp.* – 310 өсінді (52,6%), *Staphylococcus spp.* – 194 өсінді (32,9%), *Escherichia coli* – 50 өсінді (8,5%), өңездің және ашытқы тәріздес зеңдер – 35 өсінді (5,9%). Алынған нәтижелерден көрініп тұрғандай, кокк этиологиясының маститтері жиірек кездесті. Бөлінген патогендердің түр құрамы мынадай болды:


- стрептококктар – *Str. aqalactiae* - 204 өсінді, *Str. dysaqalactiae* - 61 өсінді, *Str. pyogenes* - 31 өсінді, *Str. uberis* - 14 өсінді;

- стафилококктар - *St. aureus* - 98 өсінді, *St. epidermidis* - 56 өсінді, *St. haemolyticus* - 28 өсінді, *St. chromogenes* - 12 өсінді;

- *escherichia coli* - 50 өсінді;


- өңезді және ашытқы тәріздес зеңдер – *Candida spp.* - 20 өсінді, *Cryptococcus spp.* - 10 өсінді, *Aspergillus spp.* - 5 өсінді (9-сурет).

9-суретте көрініп тұрғандай, біздің іріктемемізде субклиникалық маститтің қоздырғышы болып *Str. aqalactiae* табылады, ол оң сынамалардың 34,63%-да бөлініп шығарылды. Бұл ақпарат әртүрлі әдеби дереккөздерге сәйкес келеді, оларда мастит кезінде осы қоздырғышты анықтау жиілігі өңірге байланысты 50% дейін жетеді [282-284].



9-сурет. Сүттің патогенді микрофлорасының түр құрамы

Str. agalactiae сүт безінен тыс ұзақ мерзім тіршілік ете алмайтын деп есептелген ірі қара малдың сүт безінің жоғары контагиоздық облигаттық паразиті деп мойындалды [282, б. 430]. Алайда, соңғы зерттеулер көрсеткендей, бактерия сыртқы көздерде тіршілік ете алады [285]. Бактериологиялық зерттеулерді жүргізу кезеңдері 10 және 11 суреттерде көрсетілген.




а – CHROMagar Mastitis-те мастит қоздырғыштарының өсуі; б – ақшыл көк түсті *Str. agalactiae* CHROMagar Step B колониялары; в – қан агарындағы *Str. agalactiae* эритроциттер гемолизі

10-сурет. *Str. agalactiae* бактериялық зерттеулері

10а суретінде көрініп тұрғандай, CHROMagar Mastitis хромогендік ортасында мастит қоздырғыштарының колониялары көгілдір түске боялады. CHROMagar Step B хромогендік ортасында *Str. agalactiae* колониялар ақшыл көк түсті (10б суреті).

Алтын түсті стафилококк екі рет кездесті (16,64%), *Str. dysagalactiae* және *St. epidermidis* шамамен бірдей жиілікпен бөлінді, сәйкесінше 10,36 және 9,51%.



а – *St. Aureus* гемолитикалық белсенділігі – гемолиз аймақтарының түзілуі; б – *St. aureus* лецитовеллазалық белсенділігі - СТА-ғы колониялардың айналасындағы құбылмалы шиыршықтар; в – ДНК-қ белсенділікті анықтау. Өнген колониялардың айналасындағы ағару аймағы

11-сурет. Бөлінген *St. Aureus* штаммдарының вируленттік қасиеттерін зерттеу

Сыртқы ортадағы төзімділіктің арқасында *Staphylococcus aureus* ең көп таралған мастит қоздырғыштарының бірі болып табылады, созылмалы және субклиникалық нысанды маститті тудырады, бактерия тасымалдаушы болып келеді. Микроағзалардың бұл түрі ерекше қауіпті, себебі термиялық төзімді энтеротоксиндерді өндіруге қабілетті [286].

8,49% жағдайларда ішек таяқшасы анықталды, *Str. pyogenes* (5,26%), *St. haemolyticus* (4,75%) және *Candida spp.* (3,4%) сирек кездесті, қалған микроағзалар бірлі-жарлы жағдайларда бөлініп шығарылды (9-сурет). Талдаудың нәтижесінде анықталғандай, *Streptococcus dysgalactiae* және *Escherichia coli* анағұрлым жиі топтастырылды, *Str. Dysagalactiae* бөлініп шығарылған барлық дерлік үлгілерде ішек таяқшасы бөлініп шығарылды. Сүттің бір үлгісінде кездесетін микроағзалардың басқа жұбы ретінде *St. epidermidis* және *St. Chromogenes* болды, екі түрі де жануарлардың терісінде кездеседі және ұқсас қасиеттері бар.

Микробқа қарсы терапия сүтті сиырлар табынындағы бактериялық инфекциялармен күресудің негізгі стратегиясы болып қалады, мұны ашытқы тәріздес және өңезделген зеңдерді анықтау куәландырады. Зеңдермен қатар, микробқа қарсы препараттарға төзімді жаңа штамдар пайда болуда, бұл алаңдаушылық тудырады [287, 288].

Streptococcus spp. және *Staphylococcus spp.* тобының микроағзалары соматикалық жасушалар жоғары мөлшерде кездесетін үлгілерде, сондай-ақ соматикалық жасушалардың саны қалыпты үлгілерде анықталды. Сүт пен сүт безінің микробиомасын метагеномика әдістерімен зерттеу көрсеткендей, бұл ағзалар сау сүт безіндегі сүттің негізгі микробтық ассоциациясының бір бөлігі болып табылады [274, б. 7; 281, б. 5]. Сәйкесінше, соматикалық жасушалар қалыпты мөлшердегі үлгілерді олардың анықталуы субклиникалық маститке шалдықанын білдірмейді.

5-кестеде патогендік микрофлораның жануарлардың соматикалық жасушалар санымен және өнімділік деңгейімен ассоциациясы көрсетілді. Әр жануардан сынамалар кем дегенде төрт рет алынды және бір жануардан қайталап алынған сүттен бірдей микроағза бірнеше рет бөлініп алынды, осы бөлінділердің әрқайсысы бөлініп шығарылған өсінділердің жалпы мөлшерінде есепке алынды.

5-кесте. Айқындалған бактериялық агенттерді жануарлардың топтары бойынша бөлу

Көрсеткіш	Голштин тұқымы				Қара ала тұқым				
	жоғары өнімді		төмен өнімді		жоғары өнімді		төмен өнімді		
СЖС	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан кем	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан кем	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан кем	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан артық	1 см ³ -ге шаққан-да 500 мыңнан кем	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жануралар-дың саны (%)	15 (10,9)	123 (89,1)	7 (13,7)	44 (86,3)	21 (17,5)	99 (82,5)	13 (21,3)	48 (78,7)	370 (100)
Streptococcus spp.	52 (16,8%)	34 (10,9%)	29 (9,4%)	15 (4,8%)	78 (25,2%)	32 (10,3%)	53 (17,1%)	17 (5,5%)	310 (100%)
Str. aqalactiae	44 (21,6%)	22 (10,8%)	21 (10,3%)	13 (6,4%)	54 (26,4%)	13 (6,4%)	30 (14,7%)	7 (3,4%)	204 (100%)
Str. dysaqalactiae	4 (6,6%)	7 (11,5%)	5 (8,2 %)	0	15 (24,6%)	11 (18,0%)	14 (22,9%)	5 (8,2%)	61 (100%)
Str. pyogenes	4 (12,9%)	5 (16,1%)	3 (9,7%)	2 (6,5%)	3 (9,7%)	6 (19,3%)	4 (12,9%)	4 (12,9%)	31 (100%)
Str. uberis	0	0	0	0	6 (42,9%)	2 (14,3%)	5 (35,7%)	1 (7,1%)	14 (100%)
Staphylococcus spp.	43 (22,1%)	14 (7,2%)	20 (10,3%)	5 (2,6%)	59 (30,4%)	12 (6,2%)	36 (18,6%)	5 (2,6%)	194 (100%)
St. aureus	23 (23,5%)	6 (6,1%)	11 (11,2%)	2 (2,1%)	31 (31,6%)	7 (7,1%)	15 (15,3%)	3 (3,1%)	98 (100%)

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<i>St. epidermidis</i>	11 (19,6%)	6 (10,7%)	5 (8,9%)	2 (3,6%)	17 (30,4%)	4 (7,1%)	9 (16,1%)	2 (3,6%)	56 (100%)
<i>St. Haemolyticus</i>	5 (17,9%)	2 (7,1%)	3 (10,7%)	1 (3,6%)	6 (21,4%)	1 (3,6%)	10 (35,7%)	0	28 (100%)
<i>St. chromogenes</i>	4 (33,3%)	0	1 (8,3%)	0	5 (41,7%)	0	2 (16,7%)	0	12 (100%)
<i>E. coli</i>	4 (8,0%)	4 (8,0%)	5 (10,0%)	0	14 (28,0%)	8 (16,0%)	13 (26,0%)	2 (4,0%)	50 (100%)
Өңезді және ашытқы тәріздес зендер	11 (31,4%)	2 (5,7%)	6 (17,1%)	1 (2,9%)	8 (22,9%)	1 (2,9%)	6 (17,1%)	0	35 (100%)
<i>Candida spp.</i>	6 (30,0%)	1 (5,0%)	4 (20,0%)	1 (5,0%)	5 (25,0%)	1 (5,0%)	2 (10,0%)	0	20 (100%)
<i>Cryptococcus spp.</i>	3 (30,0%)	1 (10,0%)	1 (10,0%)	0	2 (20,0%)	0	3 (30,0%)	0	10 (100%)
<i>Aspergillus spp.</i>	2 (40,0%)	0	1 (20,0%)	0	1 (20,0%)	0	1 (20,0%)	0	5 (100%)


Кестеден көрініп тұрғандай, микроағзалардың барлық дерлік түрлері және соматикалық жасушалардың деңгейі 1 см³-ге шаққанда 500 мыңнан төмен жануарлардан алынған сүттен бөлініп шығарылған микроағзалардың барлық түрлері кездеседі, бұл осы микроағзалар сүт безінің табиғи микробиоманы енуі мүмкін екендігі туралы әдеби дереккөздерден алынған ақпаратты тағы да растайды.

Соматикалық жасушалардың саны 1 мл-ге шаққанда 500 мыңнан кем сиырлардан алынған сынамалардың барлығы 152 өсіндіден бөлініп шығарылды, бұл алынған микроағзалар өсінділерінің жалпы санының 25,8% құрайды. Соматикалық жасушалар деңгейі белгіленген шектен жоғары 56 жануардан алынған сүттен 437 өсінді (74,2%) бөлініп шығарылды. Сау жануарлардан алынған үлгілерде *St. Chromogenes* анықталған жоқ. Әдетте сүтті сиырлардың маститі кезінде бөлініп шығарылған коагулаза теріс стафилококктар (CoNS) тобының арасында *St. chromogenes* көп таралған, олардың жекелеген штаммдары плазма коагуляция реакциясында оң нәтижені көрсетеді. Барлық дерлік *St. chromogenes* өсінділері *St. epidermidis*-пен параллель сүт сынамаларында айқындалды, бұл осы микроағзалар маститтің тікелей қоздырғышы болып табылмайтынын, ілеспе микрофлора ғана бөлініп шығарылады және жануардың иммунитеті төмендеген жағдайда өзінің патогендік қасиеттерін білдіретінін куәландырады.

Жоғары және төмен өнімді сиырлар тобының арасында бөлініп шығарылған патогендерді бөлуге қатысты микроағзаларды бөлуде айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ. Бөлінген топтардың

сомасы бойынша шағын басымдығы дарақтардың санына қайта есептеген кезде төмен өнімді жануарлардың тобында болды. Сонымен, субклиникалық маститке шалдыққан жоғары өнімді сиырлардан алынған сүт сынамаларының арасында патогенді микроағзалардың 269 өсінділерінен бөлініп шығарылды, бір жануардан бөлініп шығарылатын өсінділердің орташа саны $1,66 \pm 0,08$ құрады. Субклиникалық маститтің белгілері бар төмен өнімді сиырлардан алынған сүттің сынамаларын талдай отырып, 168 өсінді сәйкестендірілді, ал әрбір іріктеп алынған сынамадан бөлініп шығарылған өсінділердің орташа саны $1,86 \pm 0,09$ құрады.

12-суретте зерттелетін тұқымдар бойынша микроағзалардың бөлініп шығарылған өсінділер көрсетілді.



12-сурет. Зерттелетін тұқымдардың кескінінде бөлініп алынған патогендердің түр құрамы

12-суреттен көрініп тұрғандай, микроағзалар изоляттарының көп саны қара ала тұқымды сиырлардан алынған үлгілерден бөлініп шығарылды.

Голишин тұқымды сиырлардан 850 сүт сынамасы іріктеп алынды және олардан 245 патогенді микроағзалар өсінділері бөлініп шығарылды, қара ала тұқымды сиырлардан 814 сүт сынамасы алынған кезде 344 өсінді бөлініп шығарылды. Сәйкесінше, қара ала тұқымды мал популяциясында патогенді микроағзалардың өсінділері бөлініп шығарылды, бұл соматикалық жасушалардың анағұрлым жоғары орташа деңгейін түсіндіреді. Осы жерде анықталған мән шаруашылықтарда қолданылатын

сиыр сауу технологиясы маңызды рөл атқарады. «Карусель» типті мамандандырылған залда сиыр сауу шарттары сүттің анағұрлым төмен бактериялық тұқымдануды қамтамасыз етеді. Бұл *E. coli* және *Str. uberis* сияқты зәрнежістік шығу тегіндегі патогендердің жоғары мөлшерін растайды. Қара ала тұқымды сиырлардан алынған сүттен *E. coli* бөлініп шығарылуы голштин тұқымды сиырлардан алынған сынамалардан бөлінген изоляттардың санынан іс жүзінде үш есе артады, ал төседе және топырақта ұзақ уақыт бойы тіршілік ететін *Str. uberis* ол жерге жануарлардың ішегінен түсіп, голштин тұқымды популяцияда мүлдем бөлініп шығарылған жоқ. Сондай-ақ қара ала тұқымды сиырлардан алынған сүттің сынамаларынан эпидермалды шығу тегінің экологиялық патогендері (*St. aureus*, *St. epidermidis*, *St. chromogenes*, *St. haemolyticus*) жиі бөлініп шығарылды.

Өңезді шығу текті микроағзалар жануарлардың барлық топтарынан алынған сүттен шамамен бірдей мөлшерде бөлініп шығарылды, жануарлардың голштин тұқымды популяциясында шамалы ұлғайды. Зенде патогендерді бөлу факті антибиотиктерді емдеу мақсатында қолдануды білдіре алады.

Осылайша, біз сүт сынамаларынан бөлініп шығарылған патогендердің түр құрамын талдадық, голштин және қара ала тұқымды сүтті бағыттағы жануарлардың популяциясындағы бактериялық ассоциацияға баға бердік, жоғары және төмен өнімді жануарлардың топтарындағы патогендік құрамның арақатынасы талданды. Маститтің негізгі қоздырғыштары ретінде стафилококктар және стрептококктар топтарының бактериялары болды, 34,63% жағдайларда *Str. aqalactiae* бөлініп шығарылды, 16,64% жағдайларда *St. aureus* бөлініп шығарылады, осы екі қоздырғыш бірлесіп, зерттелетін іріктемелердегі субклиникалық мастит жағдайларының 50%-н себебі болып табылады. Одан әрі бөліну жиілігі бойынша *Str. dysaqalactiae* (10,36%), *St. epidermidis* (9,51%), *E. coli* (8,49%), *Str. pyogenes* (5,26%), *St. haemolyticus* (4,75%), *Str. uberis* (2,38%) және *St. chromogenes* (2,04%) болады. Зенді қоздырғыштардың арасында *Candida spp.* (3,40%), *Cryptococcus spp.* (1,70%), *Aspergillus spp.* (0,85%) микроағзаларын атап өтуге болады.

2.4 Соматотроптық каскад, лактоферрин және маннозаны байланыстыратын лектин гендерінің локустары бойынша сиырларды молекулалық-генетикалық тестілеу, олардың генетикалық құрылымын зерттеу

2.4.1 Маннозаны байланыстыратын лектин гені (*MBL1*) бойынша генотиптеу

Полиморфизмнің құрамындағы *MBL1* генінің фрагментінің амплификациясы үшін 1-кестеде көрсетілген праймерлер пайдаланылды

[144, б. 9]. ПТР өнімі ретінде ұзындығы 255 ж.н. құрайтын геннің учаскесі болды, одан әрі бұл BsuRI (HaeIII) рестрикциясының эндонуклеазасының көмегімен гидролизге ұшырады. Осы манипуляциялардың нәтижесінде, рестрикция өнімдерін электрофорездік бөлудің көмегімен ұзындығы 255, 178 және 77 ж.н. ДНҚ-ң үш фрагментін визуалдандыруға болады. Бақыланатын фрагментке немесе фрагменттердің комбинациясына байланысты жануардың генотипі тағайындалады. Барлық зерттелетін жануарлар (голштин тұқымды ірі қара малдың 189 басы және қара ала тұқымды ІҚМ-ң 181 басы) генотиптелді. Сиырларды молекулалық-генетикалық тестілеу нәтижелері 6-кестеде көрсетілді.

6-кесте. *MBL1*-HaeIII полиморфизмінің аллельдері мен генотиптерінің жиілігі

Генотип	Жануарлардың саны	Генотиптердің бақыланатын жиілігі	Генотиптердің күтілетін жиілігі	<i>MBL1</i> -HaeIII ^T аллелінің жиілігі	<i>MBL1</i> -HaeIII ^C аллелінің жиілігі	χ^2
Голштин тұқымы						
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TT}	23	0,12	0,16	0,402±0,003	0,598±0,003	5,23
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TC}	106	0,56	0,48			
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{CC}	60	0,32	0,36			
Қара ала тұқым						
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TT}	37	0,2	0,21	0,461±0,003	0,539±0,003	0,21
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TC}	93	0,52	0,5			
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{CC}	51	0,28	0,29			

Ескертпе – 0,05 мәнділік деңгейі үшін χ^2 мәні 3,84 құрайды

Полиморфизм бойынша, *MBL1* (2569 T>C) генінің 2 аймағында *MBL1*-HaeIII^C басым аллель болды, голштин тұқымды сиырлардың тобы үшін оның жиілігі 0,598 құрады, ал қара ала тұқымды сиырлар үшін 0,539 құрады. Бұл полиморфизм жеткіліксіз зерттелгенін атап өткен жөн, осы тақырыпқа арналған жұмыстардың саны аз, ал қара ала тұқымды сиырларға мұндай зерттеулер мүлдем жүргізілген жоқ.

Біз голштин тұқымды мал туралы алған мәліметтер Aksel E.G. басқарған түрік ғалымдарының зерттеу нәтижелерінен ерекшеленеді, голштин сиырларының бұл үлгісінде T және C аллельдері үшін жиілік сәйкесінше 0,37 және 0,63 болды [159, p.392]. Қытайда сүтті тұқымды сиырларға (санхэ, голштин, симментал тұқымдары) жүргізілген зерттеулерде T аллелінің жиілігі 0,36, C аллелінің жиілігі 0,64 құрады

[144, б. 10]. Казань ғалымдарының тобы жүргізген тәжірибелерде ұқсас нәтижелер алынды, өз зерттеулерінде олар голштин тұқымды малдардың 1059 басын талдады, Т аллелі 0,363 жиілігімен, ал С аллелі 0,637 жиілігімен кездесті [289]. Осылайша, біздің іріктемемізде аллельдер жиілігінің арақатынасы әдеби дереккөздерде келтірілген деректерден болмашы өзгешеленді, бұл біздің өңірімізде аллельдік жиіліктердің өзгеру себебін анықтау мақсатында осы полиморфизмін анағұрлым кең зерттеу қажеттілігін білдіреді.

Молекулалық-генетикалық тестілеу көрсеткендей, екі топта голштин тұқымды сиырлардың тобында 56% және қара ала тұқымды сиырлардың тобында 52% ТС гетерозиготалық генотипі бар жануарлар басым. СС генотипі бар жануарлар сирек кездесті: голштин тұқымды жануарлардың арасында 32% және қара ала тұқымды популяцияда 28%. Ең төмен жиілік гомозиготалық голштин және қара ала тұқымында Т аллелі бойынша сәйкесінше 12% және 20% құрады.

6-кестеде келтірілген деректерді талдай отырып, қара ала тұқымды жануарлардың популяциясы генетикалық тепе-теңдікте екенін атап өткен жөн, себебі генотиптердің бақыланатын және күтілетін жиіліктері сай келеді, олардың χ^2 критерийлері 0,21-ге тең. Голштин тұқымды сиырлардың тобындағы генотиптердің жиіліктерін бөлу Харди-Вайнберг заңы бойынша теориялық күтілетін деңгейден айтарлықтай өзгешеленеді. Гетерозиготалық деңгейі күтілетін деңгейден 17%-ға асады және теориялық күтілетін жиілік 0,48 болған кезде 0,56 құрайды. Осылайша, зерттелетін топта *MBL1*-НаеIII генотиптерін бөлудің тепе-теңдігі гетерозиготтылықтың ұлғаю жағына қарай бұзылды, осыдан болжанғандай, голштин тұқымында сүт өнімділігінің ұнамды белгілерімен байланысты *MBL1*-НаеIII^{TC} генотипі бар жануарлар іріктеледі.

2.4.2 Лактоферрин гені (*LTF*) бойынша генотиптеу

Молекулалық-генетикалық талдау 1-кестеде көрсетілген олигонуклеотидтерді қолдану арқылы және тиісті бөлімде көрсетілген әдістемені пайдалана отырып жүргізілді [256, б. 54]. ПТР-РФҰП талдаудың көмегімен барлық 370 жануарлар үшін полиморфтық нұсқалар анықталды. Нәтижелері 7-кестеде келтірілді.

Ұсынылған деректерден көрініп тұрғандай, біздің іріктемемізде ВВ генотипі бар жануарлар болған жоқ, мұндай жағдай басқа ұқсас зерттеулерде де байқалды [190, б. 564]. Мұның себебі ретінде осы генотиптің табиғаттағы немесе іріктеменің төмен деңгейі болды.

Бұл полиморфизм маннозаны байланыстыратын лектин генінің полиморфизмімен салыстырғанда айтарлықтай кең зерттелді. *LTF*-EcoRI генетикалық құрылымы 1994 жылы алғаш рет зерттелді, АА, АВ және ВВ үш ықтимал генотипін кодтайтын екі аллель анықталды. Аллельдердің

жиілігі А және В үшін сәйкесінше 0,755 және 0,245 құрады, бұл ретте А аллелінің кездесуі теориялық күтілетін деңгейден болмашы асып кетті [256, б. 54].

7-кесте. *LTF*-EcoRI полиморфизмінің аллельдері мен генотиптерінің жиіліктері

Генотип	Жануарлардың саны	Генотиптер-дің бақыланатын жиілігі	Генотиптер-дің күтілетін жиілігі	<i>LTF</i> -EcoRI ^A аллелінің жиілігі	<i>LTF</i> - EcoRI ^B аллелінің жиілігі	χ^2
Голштин тұқымы						
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AA}	107	0,57	0,61	0,783±0,002	0,217±0,002	13,18
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AB}	82	0,43	0,34			
<i>LTF</i> -EcoRI ^{BB}	0	0	0,05			
Қара ала тұқым						
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AA}	119	0,66	0,69	0,829±0,002	0,171±0,002	6,54
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AB}	62	0,34	0,28			
<i>LTF</i> -EcoRI ^{BB}	0	0	0,03			

Ескертпе – 0,05 мәнділік деңгейі үшін χ^2 мәні 3,84 құрайды (Йетс түзетуі бойынша есептелді)

Wojdak-Maksymiec жетекшілік еткен авторлардың тобы 2006 жылы полиморфизмді зерттеуді жалғастырды [134, б. 17].

Олар сиырлардың польшалық қара ала тұқымды 124 дарақтарына зерттеу жүргізді, А және В аллельдерінің жиілігі сәйкесінше 68% және 32% құрады. АА генотипі жануарлардың 37,90%-да, АВ генотипі жануарлардың 59,68%-да, ВВ генотипі жануарлардың 2,42%-да кездесті, генотиптердің бақыланатын және күтілетін жиілігі айтарлықтай өзгешеленетінін ($\chi^2=16,6$) атап өткен жоқ.

Голштин тұқымды сербиялық популяциясында ВВ генотипі анықталған жоқ, АА және АВ генотиптері 28,3%-ға 71,7% арақатынасында болды [290].

Индонезиялық малдарға жүргізілетін зерттеулер сүтті бағыттағы жануарлармен қатар, етті бағыттағы жануарларға (абердин-ангус, лимузин және т.б.) жүргізілді, алайда іріктемелер өте аз болды, барлығы 126 бас, оларға әртүрлі бес тұқым кіреді [291]. Осы зерттеулердің нәтижелері бойынша, ВВ генотипі анықталған жоқ, ал АА және АВ генотиптерінің жалпы жиілігі екі аллельдік күй үшін 0,5 құрады, А аллелінің кездесу жиілігі 0,75, ал В аллелінің кездесу жиілігі 0,25 құрады.

Анағұрлым кең популяцияны Ирандағы ғалымдардың тобы қамтыды (голштин тұқымды 404 дарақ), бірақ осы дарақта да ВВ генотипін анықтау мүмкін болмады, АА генотипі 0,61 жиілігімен, ал АВ генотипі 0,39 жиілігімен кездесті [292]. χ^2 тесті популяцияның генетикалық тепе-теңдіктен (24,2) айтарлықтай ауытқуын көрсетті.

Татарстан Республикасында голштин тұқымды өндіруші бұқаларға (70 бас) жүргізілген зерттеулер генетикалық тепе-теңдіктің бұзылуын анықтаған жоқ ($\chi^2=2,41$), *LTF-EcoRI^A* аллелінің жиілігі 0,78 құрады, ал *LTF-EcoRI^B* аллелінің жиілігі 0,22 құрады [191, б. 9]. Дәл сол өңірдегі голштин тұқымды сиырлардың айтарлықтай үлкен іріктемесі (387 мал басы) басқа нәтижелерді көрсетті: А аллелі үшін 0,85 және В аллелі үшін 0,15, сондай-ақ генетикалық тепе-теңдіктің бұзылуы Харди-Вайнберг заңына сәйкес ($\chi^2=11,24$) [192, б. 161]. Екі зерттеуде ВВ генотипін анықтау мүмкін болмады.

LTF-EcoRI полиморфизм Қазақстан Республикасында да зерттелді, сүтті бағыттағы голштин тұқымды 88 мал басында барлық үш полиморфтық нұсқа тағайындалды: АА аллелі 31,8% жиілігімен, АВ аллелі 61,3% жиілігімен, ВВ аллелі 6,8% жиілігімен анықталды [193, б. 23; 194, б. 57].

Осылайша, әдебиетте келтірілген деректер айтарлықтай кереғар, осы полиморфизм бойынша генетикалық құрылымды нақтылау үшін айтарлықтай ауқымды зерттеулер қажет.

Біз зерттеген популяцияларда гетерозиготалардың бақыланатын жиілігі күтілетін жиілікпен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды және 0,43 құрады, ал голштин тұқымды сиырлардың тобында 0,34, қара ала тұқымды сиырлардың тобында 0,28 құрады (7-кесте). Бұл осы генотип қандай да бір шаруашылық белгімен немесе бактериялық төзімділікпен ассоциациялатынын куәландырады. Аллельдер мен генотиптердің жиіліктерін талдау Харди-Вайнберг заңына сәйкес популяциялардың генетикалық тепе-теңдігінің айтарлықтай ауытқуын көрсетті, голштин тұқымды жануарлардың тобы үшін χ^2 критерийлері 13,18 құрады және қара ала тұқымды жануарлар үшін 6,54 құрады, оның мәнділігінің сыни деңгейі 3,84 құрады. Бұл факт ВВ және АА генотиптері бар жануарлар табиғи немесе жасанды іріктеудің әсерімен себілетінін білдіреді.

2.4.3 Өсу гормонының гені (*GH*) бойынша генотиптеу

Талдау тиісті бөлімде сипатталған әдістеме бойынша (*GH* генінің ПТР-РФҰП), 1-кестеде келтірілген ПТР праймерлері мен параметрлерін пайдалана отырып жүргізілді.

ПТР-РФҰП талдауы жүргізілгеннен кейін өсу гормоны генінің (*bGH*) локусының генотиптері бойынша голштин тұқымды жануарлар былайша бөлінді: 122 сиырда *bGH-AluI^{LL}* гомозиготалық генотипі; 29 сиырда *bGH-AluI^{LV}* гетерозиготалық генотипі, 6 сиырда *bGH-AluI^{VV}* гомозиготалық генотипі болды. Бұл ретте *bGH-AluI^L* аллелінің жиілігі 0,807, ал *bGH-AluI^V* аллелінің жиілігі 0,193 құрады (8-кесте). Қара ала тұқымды жануарлардың

арасында 96 дарақтың $bGH-AluI^{LL}$ генотипі болды. 62 сиырда гетерозиготалық ($bGH-AluI^{LV}$) болды; 23 сиырда $GH-AluI^{VV}$ генотипі бар. L аллелінің кездесу жиілігі 0,702, V аллелінің жиілігі 0,298 құрады (8-кесте).



8-кесте. $GH-AluI$ полиморфизмінің аллельдері мен генотиптерінің жиіліктері

Генотип	Жануарлардың саны	Генотиптердің бақыланатын жиілігі	Генотиптердің күтілетін жиілігі	$GH-AluI^L$ аллелінің жиілігі	$GH-AluI^V$ аллелінің жиілігі	χ^2
Голштин тұқымы						
$GH-AluI_{LL}$	122	0,65	0,65	0,807±0,002	0,193±0,002	0,24
$GH-AluI_{LV}$	61	0,32	0,31			
$GH-AluI_{VV}$	6	0,03	0,04			
Қара ала тұқым						
$GH-AluI_{LL}$	96	0,53	0,49	0,702±0,003	0,298±0,003	5,98
$GH-AluI_{LV}$	62	0,34	0,42			
$GH-AluI_{VV}$	23	0,13	0,09			

Ескертпе – 0,05 мәнділік деңгейі үшін χ^2 мәні 3,84 құрайды

Голштин тұқымының жануарларының тобында генетикалық тепе-теңділік байқалмайды ($\chi^2=0,24$), генотиптердің бақыланатын жиілігі күтілетін жиіліктің мәндеріне сай келеді – популяция Харди-Вайнберг заңына сәйкес тепе-теңдікте болады. Қара ала тұқымды сиырларға келетін болсақ, $GH-AluI$ полиморфизмі бойынша оларда генетикалық тепе-теңдіктің өзгергені анықталды ($\chi^2=5,98$). Гетерозиготалық дарақтардың саны азайғаны және екі аллель бойынша гомозиготалықтың ұлғайғаны байқалады.

Ірі қара малдың (ІҚМ) әртүрлі популяцияларының полиморфизмінің $GH-AluI$ генетикалық құрылымын талдаумен қиыр және таяу шетелдегі көптеген ғалымдар айналысты (13-сурет) [259, б. 63]. ІҚМ-ң әртүрлі тұқымдарында $GH-AluI^V$ аллелінің кездесу жиілігі сүтті өнімділік бағытындағы жануарлар үшін 0,064-ден 0,280 дейінгі шектерде және етті бағыттағы жануарлар үшін 0,174-тен 0,358 дейін ауытқиды [205, б. 293-298]. Біз алған нәтижелер жарияланған деректерге сәйкес келеді және авторлар сүтті және етті тұқымды жануарларға жүргізген зерттеулерден алған аллельдер жиілігінің шекараларында болды.



а – генотиптердің жиілігін бөлу; б – аллельдердің жиілігін бөлу

13-сурет. GH-AluI полиморфизмі бойынша жануарлардың әртүрлі популяцияларының генетикалық құрылымы

13а суретінен көрініп тұрғандай, сүтті бағыттағы жануарлардың арасынан генотиптердің жиілігін бөлу VV гетерозиготалары мен гомозиготаларына қатысты LL гомозиготаларының арақатынасы айтарлықтай жоғары болды. VV гомозиготалары айтарлықтай сирек болғанын және зерттелетін сүтті бағыттағы популяциялардың арасында іс жүзінде кездеспегенін атап өту қажет.

Долматова И.Ю. жетекшілігімен бір топ ғалымдар жүргізген зерттеуді (2011) елемеуге болады, осы ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша $bGH-AluI^{VV}$ генотипінің жиілігі қара ала тұқым үшін 18%, бестужев тұқымы үшін 33% және симментал тұқымы үшін 24% құрайды [295, б. 723].

Етті бағыттағы жануарлардың зерттелетін популяцияларында гетерозиготалық генотиптердің саны лимузин тұқымында 36% дейін, абердин-ангус тұқымында 43% дейін, әулиекөл тұқымында 44% дейін ұлғаяды [297, б. 8; 298, б. 78; 299]. Алайда, қазақтың ақбас тұқымды сиырларының популяциясында $bGH-AluI^{LV}$ генотипі төмен болды және 30% деңгейінде болды [299, б. 81]. Сүтті бағыттағы популяциялармен салыстырғанда етті және гибридтік тұқымдардың арасында V аллелі бойынша гомозиготалық генотиптердің жоғары мөлшерін байқауға болады (әулиекөл тұқымында 11%, лимузин тұқымында 17%, абердин-ангус тұқымында 46% және бестужев тұқымында 33%). Бұл генотип жануарлардың етті өнімділігімен қауымдасады, ал сүтті бағыттағы тұқымдардағы басым LL генотипі сүт өнімділігімен қауымдасатынын болжауға болады.

Бестужев тұқымын ескермегенде, зерттелген барлық дерлік популяцияларда L аллелі басым болды (13б суреті). Аллель голштин және голштин-фриз тұқымды (90-94%) популяцияларында айтарлықтай жиі кездесті. Біздің зерттеуімізде L аллелінің жиілігі голштин тұқымы үшін 81% және қара ала тұқым үшін 70% құрады. Белоруссиялық және литвалық селекцияның қара ала тұқымды жануарларының аллельдерінің жиіліктері біз алған нәтижелерге жақын екенін атап өтеміз: $GH-AluI^L$ аллелі үшін 0,7 және $GH-AluI^V$ аллелі үшін 0,3 [257, б. 95; 300].

Генетикалық құрылымға біз жүргізген талдау ірі қара малдың тұқымы айрықша ерекшеліктеріне осы полиморфизмнің айтарлықтай әсер етуін білдіреді. Қандай да бір генотиптің басым болуы жануарлар популяциясының өнімді бағыттылығын білдіруі мүмкін.

2.4.4 Инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гені (*IGF-1*) бойынша генотиптеу

Барлық іріктелген жануарлар үшін ДНҚ-генотиптеу жүргізілді, «Материалдар мен әдістер» бөлімінде келтірілген 1-кестеге сәйкес


амплификация праймерлері мен бағдарламалары пайдаланылды [242, б. 227]. Нәтижесінде анықталғандай, зерттелетін голштин және қара ала тұқымды популяциялар инсулинге ұқсас өсу факторы-1 гені бойынша полиморфты (rs29012855), голштин тұқымды 189 сиырдың арасында 62 сиырда *IGF-1-SnaBI*^{AA} генотипі болды, 98 сиырда *IGF-1-SnaBI*^{AB} генотипі болды, 29 сиырда *IGF-1-SnaBI*^{BB} генотипі болды (9-кесте); қара ала тұқымды 181 жануардың арасынан 45 жануар *IGF-1-SnaBI*^{AA} нұсқалы аллелін, 92 жануар *IGF-1-SnaBI*^{AB} аллелін және 44 жануар *IGF-1-SnaBI*^{BB} аллелін иеленеді (9-кесте).

9-кестеден көрініп тұрғандай, жануарлардың екі тұқымы үшін генотиптердің бақыланатын жиілігі Харди-Вайнберг заңына сәйкес күтілетін тепе-тең бөлінуге сай келетінін байқалады. Жүргізілетін өлшеулердің мәнділігі χ^2 критерийінің көмегімен бағаланды және голштин тұқымы үшін 0,92 және қара ала тұқым үшін 0,05 құрады (9-кесте). Бұл көрсеткіштер зерттелетін популяциялар таңдалған ген бойынша генетикалық тұрақты екенін және *IGF-1-SnaBI* полиморфизмінің өзгеруіне әсер ететін қандай да бір іріктеу жоқ екенін білдіреді.


9-кесте. *IGF-1-SnaBI* полиморфизмінің аллельдері мен генотиптерінің жиіліктері

Генотип	Жануарлардың саны	Генотиптердің бақыланатын жиілігі	Генотиптердің күтілетін жиілігі	<i>IGF-1-SnaBI</i> ^A аллелінің жиілігі	<i>IGF-1-SnaBI</i> ^B аллелінің жиілігі	χ ²
Голштин тұқымы						
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{AA}	62	0,33	0,34	0,587±0,003	0,413±0,003	0,92
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{AB}	98	0,52	0,49			
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{BB}	29	0,15	0,17			
Қара ала тұқым						
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{AA}	45	0,25	0,25	0,503±0,003	0,497±0,003	0,05
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{AB}	92	0,51	0,50			
<i>IGF-1-SnaBI</i> ^{BB}	44	0,24	0,25			

Ескертпе – 0,05 мәнділік деңгейі үшін χ^2 мәні 3,84 құрайды



а



б

а – генотиптердің жиілігін бөлу; б – аллельдердің жиілігін бөлу

14-сурет. *IGF-1*-*Sna*BI полиморфизмі бойынша жануарлардың әртүрлі популяцияларының генетикалық құрылымы

Инсулинге ұқсас өсу факторы-1 геніндегі нуклеотидтік алмасулардың ірі қара малдың өнімділігіне әсерін зерттеулерге жарияланымдардың айтарлықтай көп мөлшері әсер етті. Біз әртүрлі елдерде жасалған айтарлықтай маңызды жұмыстарға талдау жүргіздік және нәтижелері 14-суретте келтірілді.

IGF-1-SnaBI полиморфизмін мета-талдау көрсеткендей, АА генотипі әртүрлі зерттеулерде 11%-дан (герефорд тұқымы) 59% дейінгі жиілікпен (корейлық тұқым – хану) кездесті, АВ генотипі 26%-дан (корейлық тұқым – хану) 59% дейін (голштин-фриз тұқымының уругвай популяциясы) кездесті, ал ВВ генотипі 3%-дан (қара ала тұқымды белоруссиялық популяция) 46% дейінгі жиілікпен (қазақтың ақбас тұқымы) кездесті [242, б. 231; 244, б. 112; 300, б. 111; 301-307]. *GH-AluI* полиморфизміне қатысты жағдайда басым аллель анықталған жоқ, жануарлардың әртүрлі популяцияларында аллельдер айтарлықтай тепе-тең бөлінді, А аллелі 34%-дан 72% дейін, В аллелі – 26-66% аралығында детекцияланды. 146 суретінде В аллелінің кездесу жиілігінің ұлғаюын атап өтуге болады, оның максималды жиілігі (66%) герефорд пен қазақтың ақбас тұқымдарында анықталды. Бұл факт жануарлардың ет өнімділігінің В аллелімен өзара байланысын куәландыра алады, осы теорияны растау үшін айтарлықтай ауқымды зерттеулер қажет.

Голштин тұқымды сиырлардың ирандық популяцияларын ескермегенде, сүтті бағыттағы популяциялардың арасында А аллелі басым болды, алайда бұл айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан маңызды болған жоқ. А аллелінің жиілігі 0,44-тен (Иранның популяциясы) 0,7-ге дейін (Беларуссиядағы қара ала тұқымның популяциясында) құрады. Біз зерттеген популяцияларда А аллелінің жиілігі голштин тұқымды жануарлардың тобы үшін 59% және қара ала тұқымды жануарлардың тобы үшін 50% құрады.

Біз алған мәліметтер көрсетілген диапазондарда және басқа зерттеушілердің нәтижелерімен байланысты болды.

Осылайша, популяцияның генетикалық құрылымына іріктеудің әртүрлі түрлерімен, яғни табиғи және жасанды іріктеумен байланысты көптеген факторларға әсер ете алады. Ген қорының құрылымы осы өңірдің жемшөп базасындағы эндемиялық ауруларға, қоршаған ортаның шарттарына және т.б. бейімделген механизмдерді бейнелейді. Осы себеп бойынша бірдей тұқымды әртүрлі популяцияларда генетикалық құрылым айтарлықтай өзгешелене алады.

Ген қорын талдау бір тұқымның әртүрлі популяцияларында оның күйін бағалау үшін және зерттеулерге ұшыраған популяцияға алдағы уақытта таратуға болатын репрезентативті деректерді құрастыру үшін қажет. Бізді қызықтыратын аллельдер мен генотиптердің бөлінуін зерттеу басым немесе сирек кездесетін генотиптердің жануарлардың ауруларға төзімділігі мен бейімделу қасиеттері бар сирек кездесетін генотиптермен корреляциясын анықтауға мүмкіндік береді.

2.5 Зерттелетін полиморфизмдердің генотиптері мен сүт сапасының ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері, сондай-ақ сиырлардың маститке төзімділігі арасындағы ассоциациясын анықтау

2.5.1 *MBL1*, *LTF*, *GH* және *IGF-1* гендерінің полиморфизмі бар маститке төзімділігінің ассоциациясы

2.5.1.1 Ауру және сау жануарлардың топтарында *MBL1*, *LTF*, *GH*, *IGF-1* гендері бойынша аллельдердің анықталған генотиптері мен жиіліктерін бөлу сипаты

Маститке төзімділікпен ассоциацияланған генотиптерді айқындау үшін біз сау және субклиникалық маститке шалдыққан жануарлардың топтарында Харди-Вайнберг заңына сәйкес теориялық күтілетін *MBL1*, *LTF*, *GH* және *IGF-1* гендерінің барлық аллельдік нұсқаларының кездесуінің бақыланатын жиіліктерінің сәйкестігін бағаладық. Еркіндік дәрежесінің саны бойынша мәнділік деңгейін анықтау мақсатында әр топ үшін χ^2 критерийі Пирсонның бөлу кестесіне сәйкес есептелді.

10-кесте. Ауру және сау жануарлардың топтарында *MBL1*, *LTF*, *GH* және *IGF-1* полиморфтық гендерінің генотиптерінің жиілігін бөлу

Полиморфизм	Генотип	Голштин тұқымы (n=189)						Қара ала тұқым (n=181)					
		субкл. мастит (n=22)			сау (n=167)			субкл. мастит (n=34)			сау (n=147)		
		n _H	n _o	χ^2	n _H	n _o	χ^2	n _H	n _o	χ^2	n _H	n _o	χ^2
<i>MBL1</i> -HaeIII	TT	4	2	4,54	19	29	9,99	10	7	4,11	27	31	2,19
	TC	5	9		101	81		11	17		82	73	
	CC	13	11		47	57		13	10		38	43	
<i>LTF</i> -EcoRI	AA	14	15	0,21*	93	101	12,2*	19	21	1,54*	100	104	4,17*
	AB	8	7		74	58		15	12		47	39	
	BB	0	1		0	8		0	2		0	4	
<i>GH</i> -AluI	LL	12	11	0,15	110	111	0,66	18	16	1,99	78	73	4,12
	LV	8	9		53	50		11	15		51	61	
	VV	2	2		4	6		5	3		18	13	
<i>IGF-1</i> -SnaBI	AA	5	4	0,61	57	62	2,32	7	6	0,76	38	40	0,60
	AB	9	11		89	79		14	16		78	74	
	BB	8	7		21	26		13	12		31	33	

* – χ^2 мәндері Йетс түзетуімен есептелді.

Ескертпелер:

1. 0,05 мәнділік деңгейі үшін χ^2 мәні 3,84 құрады.
2. n – жануарлардың саны.
3. n_H – жануарлардың бақыланатын саны.
4. n_o – жануарлардың теориялық күтілетін саны.

Голштин тұқымды сау жануарлардың тобында *GH*-AluI және *IGF-1*-SnaBI полиморфизмдері бойынша теориялық тұрғыдан күтілетін генотиптерінің Харди-Вайнберг заңына сәйкестігі көрінеді (10-кесте). Голштин тұқымды сау дарақтардың тобында *MBL1*-HaeIII және *LTF*-EcoRI полиморфизмдері бойынша екі полиморфизмде гетерозиготалардың санының ұлғаюы жағына қарай нормадан айтарлықтай ауытқығаны байқалады, алайда *LTF* генінде ауыстырылған жағдайда мұндай сипат ортақ іріктемеде де байқалды. Бұл маннозаны байланыстыратын лектин геніндегі гетерозиготалық генотип бактериялық инфекцияларға төзімділігімен қауымдастырылатынын куәландыруы мүмкін.


Субклиникалық маститке шалдыққан голштин тұқымды популяцияларда генотиптерді бөлу бойынша айырмашылық *MBL1*-HaeIII полиморфизмінде байқалды, бұл тұста С аллелі бойынша гомозиготалық дарақтардың саны айтарлықтай ұлғайды және гетерозиготалардың саны азайды.

11-кесте. Ауру және сау сиырлардың (зерттелетін мал басының %) топтарында *MBL1*, *LTF*, *GH* және *IGF-1* полиморфтық гендеріндегі генотиптердің үлесі

Полиморфизм	Генотип	Голштин тұқымы		Қара ала тұқым	
		субкл. мастит	сау	субкл. мастит	сау
<i>MBL1</i> -HaeIII	TT	18,2	11,4	29,4	18,4
	TC	22,7	60,5	32,4	55,8
	CC	59,1	28,1	38,2	25,8
<i>LTF</i> -EcoRI	AA	63,6	55,7	55,9	68,0
	AB	36,4	44,3	44,1	32,0
	BB	0	0	0	0
<i>GH</i> -AluI	LL	54,5	65,9	52,9	53,1
	LV	36,4	31,7	32,4	34,7
	VV	9,1	2,4	14,7	12,2
<i>IGF-1</i> -SnaBI	AA	22,7	34,1	20,6	25,8
	AB	40,9	53,3	41,2	53,1
	BB	36,4	12,6	38,2	21,1

Субклиникалық маститке шалдыққан қара ала тұқымды жануарлардың арасында ұқсас жағдай байқалды, яғни жиіліктер теориялық күтілетін жиіліктерден айтарлықтай ауытқиды (теориялық тұрғыдан есептелген 17 гетерозиготамен салыстырғанда *MBL1*-HaeIII^{TC} 11 гетерозигота).

Қара ала тұқымды сау жануарлардың тобы *MBL1* және *IGF-1* гендері бойынша генотиптерді бөлу теориялық күтілетін генотиптерге сәйкестікпен сипатталды (χ^2 критерийі сәйкесінше 2,19 және 0,60 тең). *LTF-EcoRI* және *GH-AluI* полиморфизмдері бойынша Харди-Вайнберг заңына сәйкес қалыпты бөлуден айтарлықтай ауытқығаны байқалады. *LTF-EcoRI* полиморфизміне қатысты жағдайда ВВ генотипі болмауының салдарынан ахуал жалпы беталыспен түсіндіріледі, бұл В аллелінің гомозиготалық нұсқасының жойылуымен байланысты болуы ықтимал, алайда осы аллельдің гетерозиготалық нұсқада іс жүзінде болуы табиғи немесе жасанды іріктеу кезінде оның шаруашылық пайдалы мәнін білдіре алады. *GH-AluI* полиморфизміне қатысты жағдайда гетерозиготалар санының төмендегенін (51 бақыланатын және 61 теориялық күтілетін гетерозиготалар) және екі аллельдің гомозиготаларының саны азаятынын атап өтуге болады.



15-сурет. Голштин және қара ала тұқымды ауру және сау жануарлардың арасында *MBL1* гені бойынша генотиптердің жиілігін бөлу сипаты

Генотиптің аурушаңдыққа әсерін бағалау үшін сау және ауру жануарлардың топтарында генотиптердің кездесу жиілігі салыстырмалы түрде бағаланды. Алынған деректер 11-кестеде келтірілді.


11-кестеде келтіріген деректер ауру жануарлардың топтарындағы генотиптер сау жануарлармен салыстырғанда қайта бөлудің сипаты сандық тұрғыдан бейнеленеді. *MBL1-HaeIII* TC генотипінің полиморфизмі бойынша, сау жануарлардың тобымен салыстырғанда голштин тұқымды

жануарлардың тобында 37,8%-ға, қара ала тұқымды дарақтардың арасында 23,4%-ға сирек болды (15-сурет).

Субклиникалық мастит диагнозы расталған голштин тұқымды сиырлардың арасында *MBL1*-HaeIII^{CC} генотиптері 59,1% мөлшерінде бөлінеді, ортақ іріктемеде және сау жануарлардың тобында бұл генотип сәйкесінше 31,7% және 28,1% деңгейінде болады. Бұл субклиникалық маститке шалдыққан жануарларда анықталған аз мөлшерімен байланысты, осы фактті растау үшін голштин тұқымды сиырлардың анағұрлым кең популяциясын зерттеуге болады.

Қара ала тұқымды жануарлардың іріктемесінде, субклиникалық маститке шалдыққан ауру жануарлардың арасында қандай да бір генотиптің басымдығы байқалған жоқ, алайда *MBL1*-HaeIII^{TC} гетерозиготаларының үлесінің төмендеу факті бар.

LTF генінің *EcoRI*-полиморфизмінің генотиптік нұсқаларын бөлу 16-суретте көрсетілді.




16-сурет. Голштин және қара ала тұқымының сау және ауру жануарларының арасында *LTF* гені бойынша генотиптердің жиілігін бөлу сипаты

Голштин тұқымды жануарлардың тобында А аллелі бойынша гомозиготалардың саны сау жануарлардың тобымен салыстырғанда 7,9%-ға болмашы ұлғайды және голштин тұқымды жалпы іріктемемен салыстырғанда 7%-ға ұлғайды. Іріктеп алынған қара ала тұқымының дарақтарының арасында *LTF*-EcoRI^{AA} гомозиготаларының санының 12,1%-ға төмендегені туралы және барлық іріктемемен салыстырғанда

9,8%-ға ұлғайғаны туралы және *LTF-EcoRI*^{AB} гетерозиготаларының пайызының ұлғайғаны туралы кері беталыс байқалады (16-сурет).

17-суретте өсу гормонының гені бойынша генотиптердің жиілігін бөлу көрсетілді.




17-сурет. Голштин және қара ала тұқымының сау және ауру жануарлардың арасында *GH* генінің генотиптердің жиілігін бөлу сипаты

GH-AluI^{LV} генотипі голштин және қара ала тұқымының барлық зерттелетін топтарында болжалды жақын жиілікпен кездеседі, оның ауытқуы 31,7-36,4% шектерінде байқалады (17-сурет). Голштин тұқымының ауру жануарларының тобында VV гомозиготалық генотипінің кездесуінің 9,1% дейін ұлғаюын және басқа аллель бойынша гомозиготалықтың 54,5% дейін төмендеуін атап өтуге болады.

Қара ала тұқымының топтары арасында ерекшелік байқалған жоқ, жануарлардың барлық топтарында генотиптердің бірдей пайыздық арақатынасы байқалады. Бұл факт зерттелетін популяцияларда маститтің ауыршандығына зерттелетін полиморфизмнің ешқандай әсері жоқ екенін білдіреді.

IGF-1-SnaBI полиморфизмі бойынша генотиптердің жиілігін бөлу сипаты 18-суретте келтірілген.



18-сурет. Голштин және қара ала тұқымдарының сау және ауру жануарлары арасында *IGF-1* гені бойынша генотиптердің жиілігін бөлу сипаты

Субклиникалық маститке шалдыққан голштин тұқымды жануарлардың тобында В аллелі бойынша гомозиготаларының саны айтарлықтай ұлғайғанын атап өтуге болады, сау жануарлардың тобына қатысты осы генотиптің жиілігі 23,8%-ға ұлғайды және жалпы іріктемеге қатысты 21%-ға ұлғайды (18-сурет).

Субклиникалық мастит диагнозы расталған қара ала тұқымының жануарларының арасында ұқсас жағдай байқалады. *IGF-1-SnaBI^{BB}* генотипінің кездесу жиілігі сау дарақтардың тобында 21,1% орнына 38,2% құрады және қара ала тұқымды сиырлардың жалпы іріктемесінде 24,3% құрады.

MBL1, *LTF*, *GH* және *IGF-1* полиморфтық гендерінің аллельдерінің салыстырмалы жиіліктерін бөлу сипаты 12-кестеде бейнеленді.

Алынған деректерді талдай отырып, сау және ауру жануарлардың іріктемелерінің арасындағы аллельдер жиілігінің шынайы өзгешеліктері *IGF-1-SnaBI* полиморфизмінде байқалды. Голштин тұқымды жануарлардың тобы үшін аллельдердің жиілігі субклиникалық маститке шалдыққан жануарлардың арасында 0,432 (*IGF-1-SnaBI^A*) және 0,568 (*IGF-1-SnaBI^B*) құрады, сау жануарлардың арасында 0,608 (*IGF-1-SnaBI^A*) және 0,392 (*IGF-1-SnaBI^B*) құрады. Қара ала тұқымды жануарлардың іріктемесінде осы полиморфизм бойынша аллельдерді бөлу сипаты қайталанады және ауру жануарлардың тобында А және В аллельдері үшін сәйкесінше 0,412 және

0,588 құрады, қара ала тұқымды сау жануарлардың тобында арақатынасы 0,524 (А аллелі) және 0,476 (В аллелі) құрады.

12-кесте. Ауру және сау жануарлардың топтарында *MBL1*, *LTF*, *GH* және *IGF-1* зерттелетін гендер аллельдерінің салыстырмалы жиіліктерін бөлу ($Q \pm S_Q$)

Ген	Аллель	Голштин тұқымы		Қара ала тұқым	
		субкл. мастит	сау	субкл. мастит	сау
<i>MBL1</i>	<i>MBL1</i> -HaeIII ^T	0,295±0,021	0,416±0,003	0,456±0,014	0,463±0,003
	<i>MBL1</i> -HaeIII ^C	0,705±0,021	0,584±0,003	0,544±0,014	0,537±0,003
<i>LTF</i>	<i>LTF</i> -EcoRI ^A	0,818±0,018	0,778±0,002	0,779±0,012	0,840±0,002
	<i>LTF</i> -EcoRI ^B	0,182±0,018	0,222±0,002	0,221±0,012	0,160±0,002
<i>GH</i>	<i>GH</i> -AluI ^L	0,727±0,02	0,817±0,002	0,691±0,013	0,704±0,003
	<i>GH</i> -AluI ^V	0,273±0,02	0,183±0,002	0,309±0,013	0,294±0,003
<i>IGF-1</i>	<i>IGF-1</i> -SnaBI ^A	0,432±0,022*	0,608±0,003	0,412±0,014*	0,524±0,003
	<i>IGF-1</i> -SnaBI ^B	0,568±0,022*	0,392±0,003	0,588±0,014*	0,476±0,003

* – сау және ауру жануарлардың іріктемелері арасындағы айырмашылықтың статистикалық шынайылығын бағалау үшін Р мәнінің деңгейі $\leq 0,05$ құрайды

Осылайша, екі тұқымның сау жануарларының топтарында А аллелі басым, субклиникалық мастит диагнозы расталған дарақтардың тобында В аллелі басым. Атап өтілгендей, голштин және қара ала тұқымының ауру жануарларының топтарында ВВ генотипі жиірек кездеседі.

Бұл *IGF-1*-SnaBI^{BB} генотипін маститпен аурудың жоғары тәуекелінің генетикалық маркері ретінде, *IGF-1*-SnaBI^{AB} генотипін голштин және қара ала тұқымды жануарлардың бактериялық этиологиясының маститіне қатысты резистенттіліктің генетикалық маркері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

MBL1-HaeIII полиморфизміне қатысты аллельдердің жиілігін бөлу бойынша айырмашылықтар табылған жоқ (12-кесте). Алайда, екі тұқымның субклиникалық маститке шалдыққан жануарларының арасында ТС гетерозиготалық генотиптерінің жиілігі айтарлықтай төмендегені атап өтілді.

Алайда, екі тұқымның субклиникалық маститке шалдыққан ауру жануарларының арасында ТС гетерозиготалық генотиптерінің жиілігін айтарлықтай төмендегені байқалды (15-сурет, 11-кесте). Сонымен, голштин тұқымының ауру жануарларының тобында *MBL1*-HaeIII^{TC} генотипі 22,7% жиілігімен кездеседі, ал сау жануарлардың арасында бұл 60,5%, ал жалпы іріктемеде 56,1% құрайды. Қара ала тұқымының ауру жануарларының іріктемесіндегі гетерозиготалардың үлесі 32,4, сау дарақтардың іріктемесінде 55,8% және ортақ топта 51,4% құрады.

Алынған деректер *MBL1*-HaeIII полиморфизмінің гетерозиготалық генотипінің голштин және қара ала тұқымдарының ірі қара малының маститіне төзімділігіне оң әсер етеді. *MBL1*-HaeIII^{CC} генотипін бактериологиялық этиология маститіне шалдығудың жоғары тәуекелінің маркері ретінде қарастыруға болады.

Ауру және сау жануарлардың топтары арасында *LTF* және *GH* гендерінің аллельдік нұсқаларының өзгешеліктері жоқ (12-кесте). Генотиптерді талдау көрсетілген гендер бойынша генотиптердің жиіліктерін бөлуде ешқандай айтарлықтай ауытқуларды анықтаған жоқ (16, 17 суреттер).

Шығарылған қорытындыларды растау үшін біз сүттің соматикалық жасушаларының деңгейі бар анықталған генотиптер мен бактериологиялық зерттеулердің нәтижелерімен ассоциациясы бағаланды.

2.5.1.2 Генотиптері әртүрлі жануарлардың топтарындағы соматикалық жасушалардың деңгейін бағалау

Генотиптердің әрқайсысы бойынша сүттің соматикалық жасушаларының орташа деңгейі 13-кестеде келтірілді.

Біз алған деректер көрсеткендей, голштин тұқымының жануарлары арасында ТС генотипі бар дарақтарда *MBL1*-HaeIII полиморфизміне қатысты соматикалық жасушалардың ең төмен деңгейі 1 см³ сүтте 189,09 мың, *LTF*-EcoRI полиморфизміне қатысты азырақ СЖС генотипі АВ генотипі бар жануарларда 210,28 мың, өсу гормонының гені бойынша ең төмен деңгей гетерозиготалық сиырларда (LV) – 206,03 мың болды, ал *IGF-1*-SnaBI полиморфизмі бойынша АВ генотипі 1 см³ сүтте 186,82 мың айтарлықтай өзгешеленді (13-кесте).

Мөлшері ең төмен (ТС) және ең жоғары (CC) топтардың арасында маннозаны байланыстыратын ген бойынша соматикалық жасушалардың орташа деңгейіндегі айырмашылық 76,67 мың жасушаны құрады, бұл осы генотиптерді іріктеу кезінде маңызды ретінде айқындауға болатын жеткілікті маңызды көрсеткіш екенін білдіреді.

LTF-EcoRI полиморфизмі бойынша АА және АВ генотиптері арасында шынайы өзгешеліктер табылған жоқ, бұл 1 см³ шаққанда 13,27 мыңды құрады.

13-кесте. Анықталған генотиптермен салыстырғанда 1 см³ сүттегі соматикалық жасушалардың саны

Генотип	Голштин тұқымы		Қара ала тұқым	
	Жануарлардың саны	1 см ³ -гі соматикалық жасушалардың саны, $X \pm m_x$	Жануарлардың саны	1 см ³ -гі соматикалық жасушалардың саны, $X \pm m_x$
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TT}	23	224,92±31,4*	37	420,98±36,3*
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TC}	106	189,09±10,3*	93	369,56±16,1*
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{CC}	60	265,76±20,3*	51	462,94±29,1*
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AA}	107	223,55±13,5	119	416,47±16,5*
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AB}	82	210,28±13,9	62	387,02±26,0*
<i>LTF</i> -EcoRI ^{BB}	0	0	0	0
<i>GH</i> -AluI ^{LL}	122	221,45±11,5	96	418,64±19,9*
<i>GH</i> -AluI ^{LV}	61	206,03±17,9	62	405,75±21,9*
<i>GH</i> -AluI ^{VV}	6	263,02±84,5	23	356,93±41,8*
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{AA}	62	208,70±15,1*	45	398,93±24,0
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{AB}	98	186,82±12,2*	92	381,90±18,7
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{BB}	29	341,90±26,3*	44	465,19±33,6

* – генотиптері әртүрлі жануарлардың арасындағы айырмашылықтың статистикалық шынайылығын бағалау үшін Р мәнінің деңгейі $\leq 0,05$

GH гені бойынша топтарға бөлу шынайы өзгешеліктерді анықтаған жоқ, *VV* генотипі бар топта СЖС айтарлықтай ұлғайғаны байқалды, алайда осы топтағы жануарлардың саны ($n=6$) нәтижелердің шынайылығы туралы айтуға мүмкіндік бермейді, сондықтан жануарлардың бұл тобы одан әрі өңдеуден алынып тасталды.

Инсулинге ұқсас өсу факторы-1 генінің SnaBI-полиморфизмі бойынша генотиптері әртүрлі жануарлардың топтары арасында шынайы өзгешеліктер анықталды, минималды мәні (AB - 1 см³-ге шаққанда 186,82 мың) және максималды мәні (BB – 1 см³-ге шаққанда 341,9 мың) бар топтардың арасында СЖС айырмашылығы 1 см³-ге шаққанда 155,08 мыңды құрады.

Қара ала тұқымының жануарлары арасында жануарлардың топтарының арасындағы шынайы айырмашылық *IGF-1*-SnaBI полиморфизмінен басқа барлық полиморфизмдер бойынша табылды. Сонымен, *MBL1*-HaeIII полиморфизмі бойынша соматикалық жасушалардың ең аз саны – ТС генотипі бар топтағы сиырлардан алынған 1 мл сүтте 369,56 мың, Т аллелі бойынша гомозиготалық жануарларда соматикалық жасушалардың деңгейі С аллелі бойынша гомозиготалық топтағы сиырлардан алынған 1 мл сүтте 420,98 мыңды құрады, бұл көрсеткіш максималды болып, 462,94-ті құрады.

Жануарларды лактоферрин генінің EcoRI полиморфизмі бойынша бөлу шынайы айырмашылықты көрсетті, ол АА және АВ генотиптері бар топтардың арасында 1 мл-де 29,45 мың соматикалық жасушаны құрастырды.

Өсу гормонының геніндегі нуклеотидтік алмасу соматикалық жасушалардың деңгейіне айтарлықтай әсер етті, ең жоғары көрсеткіш LL генотипі бар жануарлардың тобында 418,64-ке тең, ең төмен мағына – VV генотипі бар топта 356,93.

Осылайша, біз бөліп шығарған жануарлардың топтарының әрқайсысы үшін сүттегі соматикалық жасушалардың көрсеткішінің орташа мәнін және орташа мәnnің дәлдігін көрсету үшін стандартты қатені есептеп шығардық. Айтарлықтай өзгешеліктері бар генотиптер айқындалды. Алайда, бұл деректер қандай да бір генотиптердің басқа генотиптерден басымдығы туралы кесімді қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді, себебі оларда топтағы жануарлардың саны ескерілмейді. Осы себеп бойынша біз әр іріктеменің интервалдық бағасын пайдаландық.

Деректерді талдау кезінде орташа мәнді немесе медиананы (Me) есептеу, медиананың сенімді интервалдарын және белгінің интерквартильдік ауқымын есептеу ескерілді (14, 15 кестелер).

Топтың ішіндегі сенімді интервалдардың арасындағы айырмашылық неғұрлым аз болса, бағалау соғұрлым нақты болады, сәйкесінше, осы іріктемеде жануарлар көбірек болады. Кең сенімді интервал көрсеткіштердің үлкен шашыраңқылығын және параметрді есептеген кезде дарақтардың аз санын білдіреді. Ұнамсыз генотип (соматикалық жасушалардың жоғары деңгейі) болып төменгі сенімді интервалы (СИ1) ортақ іріктеменің жоғарғы сенімді интервалынан (СИ2) жоғары болатын генотип табылады. Ұнамды генотип немесе сүттің соматикалық жасушаларының деңгейін азайтатын генотип болып жоғарғы сенімді интервалы (СИ2) ортақ іріктеменің бірінші сенімді интервалынан төмен болатын генотип есептеледі. Мәнділік деңгейі (Р) осындай қағида бойынша есептеледі, бірақ ортақ іріктеме есепке алынбайды, бір полиморфизмнің ішіндегі генотиптердің арасында ғана болады.

Интерквартильдік ауқым аталған іріктемедегі жануарлардың 50% шегіндегі шекараларды көрсетеді.


14-кесте. Голштин тұқымының жануарлары арасында генотиптер бойынша соматикалық жасушалардың санын интералдық бағалаудың деректері

Генотип	Me	Медиана үшін сенімді интервал		Интерквартильдік ауқым		P
		СИ1	СИ2	25%	75%	
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TT}	163,84	135,89	254,81	130,21	280,47	0,002
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{TC}	140,60	130,22	149,17	113,61	172,83	
<i>MBL1</i> -HaeIII ^{CC}	185,03	171,53	208,55	154,97	399,82	
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AA}	166,98	146,34	184,98	124,81	251,91	0,05
<i>LTF</i> -EcoRI ^{AB}	165,05	148,35	179,48	136,29	211,13	
<i>GH</i> -AluI ^{LL}	172,64	152,34	189,68	137,85	254,81	0,505
<i>GH</i> -AluI ^{LV}	158,59	132,82	177,24	117,41	189,41	
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{AA}	174,12	154,74	189,68	144,09	207,63	0,001
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{AB}	143,14	136,29	154,26	122,84	180,50	
<i>IGF-1</i> -SnaBI ^{BB}	280,47	247,20	421,93	197,10	523,96	
Ортақ іріктеме	166,16	164,26	190,91	138,26	228,61	

19, 20, 21 және 22 суреттерде голштин тұқымының жануарлары үшін генотиптердің әрқайсысы бойынша іріктемелердің шектеулері бар блоктық диаграммалар көрсетілген.


MBL1-HaeIII^{TT} генотиптері бар жануарлардың тобының диаграммасы көрсеткендей, дәлдігі жоғары көрсеткіштің орташа мәндерін есептеу үшін жануарлардың саны жеткіліксіз (n=23) (19-сурет). *MBL1*-HaeIII^{TC} тобының жоғары сенімді интервалы 1 см³-ге шаққанда 149,17 мың соматикалық жасушалардың деңгейінде болады, ал ортақ іріктеменің СИ1 деңгейі

164,26-ға тең. Сәйкесінше, *MBL1*-HaeIII^{TC} генотипін зерттелетін популяцияның голштин тұқымды жануарлары үшін ұнамды етеді, себебі ол сүттің соматикалық жасушаларының деңгейіне төмендететін әсер етеді.




19-сурет. Голштин тұқымының жануарлары арасында *MBL1*-HaeIII полиморфизмі бойынша соматикалық жасушалар деңгейінің ауқымының диаграммасы

Лактоферрин генінің полиморфизмі бойынша интервалды бағалау көрсеткендей, *LTF*-EcoRI^{AA} және *LTF*-EcoRI^{AB} генотиптері бар топтар СЖС бойынша іс жүзінде біртекті және олардың негізгі саны ортақ іріктеменің интерквартильдік ауқымына толықтай сияды (20-сурет). Осыған сүйене отырып, гетерозиготалар санының ұлғаюына бағытталған селекция қажет нәтиже бермейді.




20-сурет. Голштин тұқымды жануарлардың арасында *LTF-EcoRI* полиморфизмі бойынша соматикалық жасушалар деңгейінің ауқымының диаграммасы

LTF-EcoRI полиморфизміне ұқсас жағдай өсу гормоны генінің *AluI* полиморфизмінде байқалады (21-сурет). L аллелі мен гетерозиготалар бойынша гомозиготалардың тобы арасындағы үлкен бірізділікті атап өтуге болады, гетерозиготалық топтың СИ1 деңгейі 1 см³-ге шаққанда 132,82 мың соматикалық жасушалар деңгейінде тұр. Алайда бұл жеткіліксіз, LV генотипінің СИ2 ортақ іріктемемен өтеледі, бұл осы маркерді СЖС-ң төмендеуіне және бактериялық этиологияның маститіне төзімділікті арттыруға бағытталған селекцияның аясында тиімді емес.



21-сурет. Голштин тұқымының жануарлары арасында *GH-AluI* полиморфизмі бойынша соматикалық жасушалар деңгейінің ауқымының диаграммасы

